



Қазығұрт ауданы
«Айболған» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
«Айболған» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Естауова Б.



2017 г.

Музыка оқу қызметіне ұйымдастырылған Технологиялық картасы

Музыка жетекшісі: Жумашова Н.К.

2017-2018 оқу жылы



A vibrant, cartoon-style illustration. At the top left is a large, smiling sun with a face, rosy cheeks, and a wide grin. A zigzag line extends from the sun across the top of the page. Below the sun, a blue sky with white clouds is visible. Several colorful butterflies (purple, orange, green, red) are scattered throughout the scene. In the bottom right corner, a cheerful fox with orange fur, a white chest, and a white bushy tail is sitting in a field of green grass and flowers. The fox is looking towards the left. The entire scene is framed by a black and white checkered border on the left side.

**«Балауса»
ортаңғы тобы**

№ 13-14 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка

Тақырыбы: «Атамның киіз үйі»

Мақсаты: әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен таныстыру, ерекшеліктерін ұғындыру.

Көрнекілік: жайлаудың, киіз үйдің суреттері, домбыра аспабы.

Сөздік жұмыс: киіз үй, домбыра, күй.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушылық-ізденістік	<p>Жетекші балаларды қарсы алып, «Мариі» (Л.Хамиди) әуеніне жүруді ұсынады. Бір, екі, үш, төрт, Аяқты нық басайық. Бір, екі, үш, төрт, Асулардан асайың, — деп әуен сипатын бере, ырғақты сезіне қозғалуларын бақылайды. Балаларға жайлаудың суретін көрсетіп. «Жайлау таңы» (Л.Хамиди) әуенін тыңдатады. Балалармен «Жайлауда» атты әңгіме-сұхбат жүргізеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жайлауда не кердің? - Жаяпғу қайда болады? 	<p>Әуеннің сипатын беруге тырысып, гизелерін көтере, нық басыгі жүреді.</p> <p>Екпіннің тез және жай түрін қимылмен көрсетеді. Жайлау туралы әңгімеге қосышып, сұрақтарға жауап береді. қызығушылықтары артады.</p>
	<ul style="list-style-type: none"> - Дұрыс айтасындар, жайлау тау қойнауында, табиғаты әсем жерде болады. Атамызды қуанытып, Жайлауға біз барамыз. Құлыншақпен шабармыз, 	<p>«Құлыншаққа отырыш», шаттана шауып, шенбер бойымен жүреді. Екі қолдың жұдырығын түйіп, үзеңгіден ұстаған</p>

	<p>Бүгән жетер шамамыз, — деп «Кұлыншаң» (Е. Тәшенов, Ә. Тәжібаев)</p> <p>онінің екпінімен кұлыншак шабысын келтіріп жүруді ұсынады.</p>	<p>болып, колдарын алға созады. Тізені серпе көтеріп, жеңіл жүгіреді.</p>
<p>Ұйымдастыруш ылық-ізденістік</p>	<p>- Міне, атамыздың кип үйіне де келдік. Қараңдаршы, кандай әдемі! (Суреттен немесе слайдтан көрсету.) Залға ата киімін киген педагог кіреді.</p> <p>- Амансындар ма, қарақтарым! Жоғары шығындар! Балалардан жайғасып отыруларын сұрайды. Педагог: «Киіз үйде не бар екен, көрейікші», - деп уйдін ішкі жабдыгы бейнеленген суретті көрсегеді. Киіз уйдің жабдықтарын, жиһаздарын көрсетіп, атап айтуларын сұрайды (сандық, бесік, үстел, сырмақ, қамшы, керпе, т.б.).</p> <p>- Ал мына төрде ілулі түргән біздің ұлттық аспабымыз - домбыра. Бұл аспап кімнің үйінде бар? Дауысы бар. үні жоқ, Шертсең күйі, әні көп. Қулагын аз бұра. Бұл не? Домбыраның</p>	<p>Атамен амандасып, кілемге жайғасып отырады. Киіз үй ішыдеі і жиһаздарды, затгарды көріп, атап айтуға тырысады.</p> <p>Домбыра туралы естіп, білгендерін әңгімелейді. Жұмбаққа ойланып жауап береді. шешуін табады.</p> <p>Балалар домбыра үнін естіп, елендейді.</p>

	<p>сүйемелдеуімен ән айтады, күй ойнайды. Домбыра ағаштан жасалады. Екі құлағы, ұзын мойны, шертіп ойнайтын екі</p>	<p>Күйді түсініп тыңдауға талпынады.</p>
	<p>ішегі бар,- деп мағлұмаг береді. Оң ңолым ішекті қагады, Сол ңолыш пернені табады. Халық к\йі «Кеңес»-ті орындап береді немесе ұнтаспадан тывдатады. - Домбыраның даусы қандай? - Домбырада қалай ойнайды? Балалардан кимылмен көрсетуді сұрайды (имитация әдісімен). Ән тыңдау: «Дамбыра сазы» (И.Нүсітібаев, Х.Талғаров). Балалардың мұқият тыпадауын сұрайды. Сұрақтар қойып, шығарма туралы әңгімелейді. - Әннің сипаты қандай? (жігерлі, ашық, т.б) - Сендерге ән ұнады ма? Дауыс жаттығуы: «Домбыра үні» Дығы-дығы, дың-дың, Домбырада ойнаймыз. Дығы-дығы, дың-дың. ітектерді қағамыз, Пернеяери. ^абамыз Ән үйрену: «Домоыри..</p>	<p>Домбыраның үні әдемі, сазды. Сол қолдарын соза оң қолымен домбыраны қағып ойнауды көрсетеді. Әнді зейін қоя тындап, қызығушылықтары артады. Композитор И.Нүсіпбаев туралы түсінік алады. Әннің сипатын ажыратып, әңгімелейді. Дауыс жаттығуын бірге бастап, бірге аяқтауға үйренеді. «Дығы-дығы, дың» сөздерін бірге қайталайды. Жаңа әнді тындап, сөздеріне мән береді.</p>

	(Ж. Тұрсынбаев, А.Асылбек). Балалардын ән сөздерін дұрыс, анық айтуын қадағалайды.	Әпп; _и авторлары туралы естіт, Әуенді ырғақпен шапалақтап, екпінін сезіне көрсетеді.
--	---	--

Аспаптың сүйемелдеуінсіз, ырғақты шапалақпен керсетіп, сөзін буынға бөле жаттауға машықтандырады. Авторларымен таныстырады. Ойын ойнайық: «Киіз үй».

Музыка жетекшісі балаларды ойынға шақырады. Дөңгелене тұрайық, Киіз үйді қурайық, - деп ойынның мәтініне сәйкес қимылдарды көрсетіп, бақылайды.

Шеңбер бойымен тұрып, ойынға көңілдене қатысады.

Сұрақтарға көңілдене, зор ықыласпен жауап береді.

- Атамызға рақмет айтып қоштасайық.

- Атаның киіз үйі қандай екен?

- Қандай заттарды көрдіңдер?

- Қандай аспаппен таныстық?

- Домбырада қалай ойнайды? - деген сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін қорытындылайды. Балаларды құлыншақ шабысымен топтарына шығарып салады.

Қоштасып, «Құлыншақ» әуенінің ырғағымен шауып шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді соңына дейін тыңдауды, нақышына келтіре айтуды, таныс әуендерді ажыратуды.

Игереді: музыканы тыңдап, домбыра аспабымен танысады. Мецгереді: домбыра аспабының үнін ажыратуды, күйді тыңдай білуді. Әнді жеке және хормен орындай алуды.

№ 15—16 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің түрі: Музыка Тақырыбы: «Біздің Алматы»

Мақсаты: әуеннің ырғақ екінін сезіне білуге, салыстыруға, әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру. Әнді көңілді, ашық дауыспен, таза орындауға үйрету. Туған жеріне, қаласына сүйіспеншілік сезімін ояту. і

Көрнекілік: «Алматым» атты сурет көрмесі немесе слайд, трол- лейбус макеті.

Сөздік жұмыс: Алматы, Алатау, көлік, троллейбус.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Үнтаспада «Алматым» әні орындалып, жетекші балаларды қарсы алады.</p> <p>- Балалар, бүтін біз әсем қала Алматыны аралап қыдырайық.</p> <p>Гүл жайнаған атырабы Алты цырдан ишқырады. Көңілге нұр төккен цала — Алиаты, Көюпем қала, көркем нала - Ачматы. (М. Әлімбаев)</p> <p>- Қала өте үлкен. Сондықтан да көлікке отыруды ұсынамын. Қандай көлікке отырамыз, жұмбақтың шешуін табындар:</p> <p>Дыз-дыз етіп жүрегі, Сымнан ұстап жүреді. Өзіне адам мінеді, Ол не, ал кіч біледі? (Троллейбус)</p>	<p>Балалар әуен ырғағымен кіріп, «Сүйікті Алматым» атты сурет көрмесін немесе слайдты тамашалайды.</p> <p>Апматы туралы білстін тапқтарын айтады.</p> <p>Қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелейді.</p> <p>Жасырылған жұмбақ шешуін габуға тырысады.</p>
	<p>Балаларға троллейбус макетіне жалғастыра қойылған орындықтарға отыруды ұсынады.</p> <p>Бәрі:</p> <p>Дыз-дыз етіп жүрегі, Сымнан ұстап жүреді, Бип-бип!</p>	<p>Троллейбустан орын алып, жайғасады.</p> <p>Жүргізуші тағайындалады.</p> <p>Өлең жолдарын қайталайды.</p> <p>Суреттерге,</p>

	<p>- Абай даңғылының бойымен жүріп келеміз. Кандай әдемі үйлер! Міне, циркке де жеттік, (Суретін көрсеіеді.)</p> <p>- Циркте не көруге болады? Сендерге цирк ұнай ма? Әуенді қимыл: «Күлдіргіітер» (Д. Кабалевский) биінің қимылдары көрсетіліп, балалардың қайталауы сұралады.</p> <p>- Көліктен орын аламыз. Балаларға тро.ілейбуска отыруды ұсынады.</p> <p>- Алдымызда - Республика сарайы. Мұнда түрлі эн кештері, концергтер өтеді. Халық келіп эн тындайды, демалады. Біз де сүйікті қаламыз гуралы эн тындайык.</p> <p>Ән тындау: «Алматы» (Е. Хасанғалиев, А.Асылбек).</p> <p>- Әнде Алматы каласы гуралы не айтылады, әннің сипаты қаңдай? - деп балаларды әңгімеге тартады.</p>	<p>слайдка карап әңгімелеуге, коргендерін айтуға тырысады. Күлдіргіштер қимылын көрсетіп, шаттанады.</p> <p>Көлікке қайта отырып, көңілді әндетеді.</p> <p>Республика сарайының суретін тамашалайды.</p> <p>Әнді тыңдап. түсінгенін, мазмұнът айтады.</p> <p>Ән көңілді, әдемі</p>
	<p>- Қала көшелерін аралап, қызықтадық. Енді көңілді әнге кезек берейік. Дауыс жаттығуы: Жоғары — төмен».</p> <p>Гүл-гүл жайнап бәріміх</p>	<p>Дауыс жаттығуын нақышына келтіріп айтады. Қолдарын жоғары көтеріп,</p>

<p>Кіреді біздің сәніміз. Әдемі де әуенді Ән салайық бәріміз. Ән үйрену: «Біз өмірдің гүліміз»</p> <p>(Б. Ғизатов, Ә.Дүйсенбиев)</p> <p>әнін орындап, зн сипатыгн ажыратуды, ән мәтінін әңгімелеуді сұрайды. Ән ырғағын шапалақпен көрсетіп, әуенге ілесулерін қадағалайды. Әннің көңіл</p> <p>күйін бере шаттана, жарқын айтуға машықтандырады. Ойын: «Жұбыңды тап!» (орыс халық әуені). Ойынды 6, 8 жұпка бөлініп ойнайды. Шығарма бөлімінің ауысуына көңіл бөлуді, әуеннің басталуы мен аяқталуына сай бірге қимылдауларына мән беріп, қадағалайды. Көңіліміз көтеріліп, Ойын ойнап, биледік. Қаламыздың көшесінде Серуендеп көп жүрдік. - Енді троллейбусқа отырып, бақшамызға оралайық, - деп көлікке отыруды ұсынады.</p>	<p>төмен түсіріп, әуенмен бірге қозғалады.</p> <p>Әнді бірге қосыла айтуға тырысады. Ән ырғағын шапалақпен көрсетіп, әуеннен калыспауға, сөздерін есте сақтауға үйренеді. Ұлдар өздеріне жұп таңдап, қыздарды ойынға шақырады. Музыка ырғағын тыңдап, бірге қозғалып, ойын шартын сақтауға машықтанады.</p> <p>Троллейбусқа отырып, әндетеді.</p>
---	---

Бақшамызда арашы, Күн шуағы тарайды. Апайлар мен балалар Қол бұлғап бізге қарайды.

- Сендерге бүгінгі саяхатымыз ұнады ма? -Қандай көшелермен жүрдік?
- Қандай көлікке отырдық?
- Қайда бардық? Нелерді көрдік?

Жауаптарын тыңдап, балаларды мадақтайды. «Менің Алматым» тақырыбына сурет салуға тапсырма береді.

Қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, қалаға жасаған саяхатты естеріне түсіреді. Қуана қопғасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуен екпінін сезіну, әнді сипатына сәйкес айту, әуенді таза айта білуді.

Игереді: музыканы тыңдай отырып, көлікте жүруді, әуенге сәйкес кимыл жасауды, түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды.

Меңгереді: сүйікті қаласы туралы, сәулетті жерлері туралы біледі, әңгімелей алады, әнді нақышына келтіре айтуды.

№ 17—18 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка Тақырыбы: «Менің Отаным»

Мақсаты: табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету, музыка сипатына сай жаттығу қимылдарын үйлестіре білуге баулу. Әнді сезіну арқылы Отанды сүйуге, қастерлеуге баулу. Алдын ала қалалар, туған жер, ауыл туралы әңгімелесу.

Көрнекілік: қалалардың көрнекті жерлерінің, еліміздің сұл. табиғатының көрінісін бейнелейтін суреттер, слайдтар. Түрлі түсті жалаушалар.

Сөздік жұмыс: Отан, туған жер

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері:

Мотивациялық –қозғалушылық

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

«Марш» (Л. Затаеичі әуенін ойнатып, балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсынады. Бір, екі, үш! Бойға жинап қуш. Шынығамыз таңертең, Ағалардай Отанға Ұлан болам мен ертең! Тізені жоғары көтере нық басып, арқаларын түзу ұстауларға қадағалайды,

Валаларға түрлі түсті жалаушалар береді. «Жалаушамен би»

(Е.Брусилковский) орындалып, би қимылдарын көрсетеді. Жалаушаны бірдей қозғап, бірге қозғауларын бақылайды. «Марш» (А. Затаевич) қайта ойналып, балаларға әуен екпінімен жүруді ұсынады. Маршпен адымдап жүреміз, Ержетіп, өсіп келеміз! - деп марш екпінімен жүріп, орындықтарға отыруларын сұрайды.

Балалардың іс-әрекеті

Әуен екпінімен нық басып, ырғақты сезіне жүрсе талпынады.

Тізелерін көтере, мақғанышпен жүріп, өлең жолдарын қосыла айтады.

Жалаушаларды ұстап, 4-5 қатарға тұрады. Көрсетілген би қимылдарын қайталайды. Жалаушаны желбірте жоғары көтереді, оңға, солға бұрылып, бірге қимылдауға тырысады. Марш екпінін сезіне жүреді.

Суреттерге назар аударып, қызыға қарайды.

Қалалардың, еліміздің сзріу і абиғатын бейнелейтін суреттерді көрсетеді. Балаларды суретке қарап әңгімелеуге, ойларын толық жеткізуге дағдыландырады. Жайнаған сансыз ңаласы. Жайцалған жомарт даласы, Ел-Отан біздің кең-байтаң Отанның біздер баласы. (Қ. Шаңғытбаев)

Балалардан Отан, туған жер туралы білетін өлендерін сұрап, белсене қатысқан балаларды мактайды.

Отан — менің ата-анам,
Отан - досым, бауырғт.
Отан - олкем, астанам,
Отан - туган ауылым.
(С.Оспанов)

- Кең-байтак Отанымыз туралы ақын ағаларымыз осылай жырлайды.

Ән тындау: «Отан — ортақ үйшіз» (Д.Ботбай, Е.Өтетілеуұлы).

- Бұл әннің көніл куйі кандай?

- Ән мазмұнында не туралы айтылады?

- Сен өз Отаныңды жақсы көресін бе? - деген сұрақтар қою арқылы балалардың Отан туралы түсінік-ұғымын

Өздері білетін қалалар немесе езі туған ауыл, қала туралы әңгімелейді.

Балалар жатқа білетін тақпақ, өлеңдерін жарыса айтады, бір-біріне кошемет көрсетіп, қол шапалақтайды. Тақпакты қайталап айтады. Жаттауға талпынады. «Менің Отаным» атты слайдты немесе сурет көрмесін тамашалайды.

Әнді ыкыласпен тындап, эсерленеді. Ән мазмұнын әңгімелеп беруге әрекетгенеді. Гуған жеріне деген сүйіспеншіліктерін жеткізуге тырысады.

	кеңейте түседі.	
	<p>Дауысымыз әдемі. Шықсын созыла. Әндетейік енді біз. Бірге қосыла! Дауыс жаттығуы: «Алтын күн», Дауыс ырғақтарына мән бере тыңдалады. Ән үйрену: «Менің Отаным»(Ө.Байділдаев, Б.Ысқақов). Әнді таныстырып, балалар композиторы Ө.Байділдаев туралы әңгімелейді, суретін көрсетеді. Әнді орындап, сипатын, мәтінін әңгімелеуге ықпал етеді. - Ән не туралы? - Сендерге ән ұнады ма? Бірге айтуды ұсынады. Қысылып еш саспайық, Қызық ойын бастайық! Ойын: «Тақия тастамаң».</p>	<p>Дауыс жаттығуын бірге бастап, бірге аяқпап, дауыстарын соза әндетеді. Терең тыныс алып, жаттығуды еркін айтуға дағдыланады. Композитор Ө. Байділдаев туралы мағлұмат алады. Әннің сипатын ажыратып. мазмұнын әңгімелейді.</p> <p>Тез жүгіріп, ойында жөнімпаз ағануға талпынады.</p>
	<p>Балаларға шеңбер бойымен жайғасып отыруды ұсынады. - Туған жерің қандай? - Қай қалада тұрасың? - Отан туралы қандай тақпақ білесің? Балаларға сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін бекітеді.</p>	<p>Балалар қойылған сұрақтарға толық жауап береді. Қызығушылықтары артып, көтеріңкі көңіл күймен қоштасады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: шығарманы сезіне тыңдап, әнді табиғи дауыспен орындай біледі.

Игереді: әуен ырғағымен жалаушаларды ұстап билеуді, әнді әуенімен айтуды.

Менгереді: әнді тыңдап, мәтінін әңгімелеуді, ырғақпен қозғалуды

№ 19 технологиялық карта

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка Тақырыбы: «Қыс өрнегі»

Максаты: әнді сезіммен, нақышына келтіріп айтуға, әуенді тындап, әңгімелей білуге үйретуді жалғастыру, Таныс шығармаларды ажырата білуге, еске сақтауға дағдыландыру. Балаларға арналған аспаптарды игеруге машықтандыру.

Көрнекілік: «Қысқы ойындар» суреті, маракас, бубен, барабан, қоңырау аспаптары.

Свздік жұмыс: шырша, нолька, вальс.

Оқу іс-зереке гiнiн кезендерi:

Мотивациялық –қозғалушылық

Музыка жетекшiсiнiн iс-әрекетi:

«Полька » әуеи орындалып, балалар шеңбер бойымен полька жүрiсiмен секiре басып жүредi. Польканың адымын жеңiл секiрулерiн қадағалап, үйрету. Балалардың назарын далаға аударып, қыс мезгiлiнiң ерекшелiктерiн әңгiмелейдi. «Қысқы пейзаж» көрмесiнен суреттер көрсегедi. Қалыңдасын қары бұл, Келсiн аяз мықты ма? Қарсы аламын бәрiбiр, Сағыныппыз қысты да. (Ә.Қайыржанқызы) - Қыс мезгiлi кiмге ұнайды, нелiктен үнанды? - деген сұрақтар қою арқылы қызығушылықтарын арттырады.

Балалардың iс-әрекетi:

Бiр аяқтан келесi аяққа әуен ырғағымен жеңiл секiредi.

Ұлдардың қолдары белдерiнде, қыздар көйлек етектерiнен устайды.

Суреттердi карап,

әңгiмелеуге

тырысады.

Қыс мезгiлi ұнайды. Қызықғы ойындар

оинаимыз.

Оқу іс-зреке гiнiн кезендерi:	Музыка жетекшiсiнiн iс-әрeкeтi:	Балалардың iс-әрeкeтi:
	<p>Әуендi кимыл: «Көнiлдi полька» (И.Штраус) орындалып, би кимылдарын көрсетiп, қайталауларын сұрайды.</p> <p>Музыка жетекшiсi қыс көрiнiсiн бейнелейтiн суреттi көрсетiп, өлең жолдарын оқиды.</p> <p>Өсгiп. мiне, қыс түстi, Бола қачды дала аппақ, Қар лацтырып үстi-үстi, Балалар жүр дапақтап.</p> <p>Қимылды ойын: «Шана тебемiз».</p> <p>- Сендерге қыста ойнаған унай ма? - Қандай ойындарды ұнатасындар? «Қысқы ойындар» суретiн көрсетедi.</p> <p>Музыка тыңдау: «Бiз шадыман баламыз» (Ө.Бейсеуов, С.Қалиев).</p> <p>- Әннiн көңiл күйi, сипаты қандай? — Әнде не туралы айтылған? — деген сұрақтар қою арқылы ән мазмұнын ұғынуларына ықпал етедi.</p> <p>- Балалар, сендерге жұмбақ жасырып, тапқырлықтарынды</p>	<p>Екеуден қол ұстасып, жеңiл секiредi, қол шапалақтайды.</p> <p>Суреттi қарап, қы з ығу шыл ы қтары оянады. Не көрiп тұрғанын баяндайды.</p> <p>Қар атысып ойнаймыз, шанамен сырғанаймыз.</p> <p>Балалар әндi ықылас қойып тыңдайды. Ән өте көнiлдi, әдеми сазды. Ойнап жүрген балалар гуралы, қар жамылған дала туралы.</p>

	<p>сынайығн.</p> <p>Қыста жербі жауып кетеді, Ал көктемде ағып кетеді. (Кар) Жаздай тынығады, Қыстаі* зымырайды. (шапа/ Әндетейік жаттшып, Асыщпайық аптыгып, - деп балаларды дауыс жаттығуына дайындайды. Дауыс жаттығуы: «Қыс». Аппақ күміс бар элем, ля-ля-ля.. Зышыраймыз шанамен, ля-ля-ля.. (Н.Аманжолов) Жаттығуды бірнеше рет айтқызып, балалардың дауыс ырғақтарын қадағалайды. Дауысымыз эдемі, Ән шырқайық біз енді. Ән үйрену: «Ақша қар» (К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов.) Әннің мәтінін оқып беріп, түсінулеріне ықпал етеді. Композитор К. Қуатбаев туралы әңгімелеп береді. Әнді айтып, мәтінге сәйкес қимылдарды керсетеді. Балалардың педагогке қарап қайталап, бірге қимылдауларын ескертеді.</p>	<p>Жасырылған жумбақтарды ойланып, шешуін табуға тырысады.</p> <p>Жұмбақ жауаптарын тауып айтады. Жаттығу айғуға орындықтарға жайғасып отырады.</p> <p>Дауыс жаттығуын бірге бастап, бірге аяқтайды, тыныс алуды, созып айтуды үйренеді.</p> <p>Әнді зейін қойып тыңдап, мазмұнын түсініп, әңгімелеуге, еске сақтауға тырысады. Композитор туралы біліп, суретін көреді. Шеңбер бойымен қол ұстаса жүре ән әуенін үйренеді, қайталайды. Балалар ойынға белсене қатысып, қызықты әсер алады. Аспаптардың даусын ажыратуды үйренеді. Ұнаған аспаптарда ырғақты сезіне ойнайды.</p>
--	--	--

Оішн: «Қай аспапта ойнаймын?»

Бубен, маракас, конырау, барабан аспаптарында ойнауды ұйымдастырады.

Ойналған аспаптың даусын ажыратып, атын атауды, аспағіта ойнап көрсетуді сұрайды.

«Біз өмірдің гуліміз» (Б.Ғизатов) әнінің әуеніне аспаптарда ойнап үйрету.
(СП «Ақжелкен» жинағынан).

Торғайлар тон киеді, Аяз беттен сүйеді. Жиналып ап бар бала Тұрғызамыз қар қала!

(Н.Аманжолов)

- Қыста ауа райы қандай болады?

-Қыс мезгіліндегі қандай ойындар ойналады? Қар жауғанда топ бала Соқтық келіп аққала Мұрны сәбіз, үп-үшкір Көзі көмір, қап-қара.

(С.Қалиев) Балаларға аққаланың суретін салып келуді тапсырады.

Қыста суық, аяз
болады.

Біз қалың киім
киеміз.

Қар көп жауады. Коньки, шаңғы тебеміз, шанамен сырғанаймыз. Кардан аққала жасаймыз. Бізге қыс мезгілі ұнайды.

Күтілетін нәғиже: Біледі: таныс шығармаларды ажыратуды, еске сақтауды, әр мәтінін әңгімелеуді.

Игереді: балаларға арналған музыкалық аспаптарда еркін ойнау- ды, даусын ажыратуды, ырғақты сезіне білуді.

Меңгереді: әнді сипатына сай нақышына келтіре айтуды, ойынға белсене қатысуды.

№ 20 технологиялық карта

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка Тақырыбы: «Қазақстан - кең-байтақ елім»

Мақсаты: әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнын әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру. Еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекілік: Қазақстан рәміздерінің суреті, сәулетті қалалар суреттері немесе слайд, паровоз, пойыз макеттері. Сөздік жұмыс: Қазақстан, герб, ту, гимн, рәміз.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>«Қазақстан» (Қ.Есмұратов, Х.Балшабеков) әнін ойнатып, балаларды көңілді қарсы алады.</p> <p>Балаларға жалаушалар таратып беріп, әуенді қимылға шақырады.</p> <p>Босқа қарап тұрмаймыз, Ән айтамыз, жырлаймыз. Жалауианы көгілдір, Оңды-солды бұлғаймыз.</p> <p>Әуенді қимыл: «Жалауиіамен жаттығу» (Е.Брусиловский) орындалып, балаларға еркін қимылдауға мүмкіндік береді.</p>	<p>Балалар қуана келісіп, жалаушаларды алады, дұрыс ұстауға талпынады.</p> <p>Жаттығуды өз беттерінше еркін жасайды.</p>
	<p>Жаттығуды бірге жасап, жалаушаларды желбіреге қозғауларын қадағалайды. Біздің еліміз өз гербі, туы, гимні бар егеменді ел. (Рәміздер суреттерін немесе слайдтан көрсету).</p> <p>Рәміздер туралы түсінік беріп, өлеңдер оқиды. Көк аспанда, көкпеңбек, Қазақстан жалауы. Көк емес ол тектен тек — Елдің ағиық қабағы. Елтаңбасы еяімнің</p>	<p>Марш екінін сезіне қимылдап. жалаушаны желбіреге қозғайды:</p> <p>Рәміздердің суретгерін коріп, ту, герб, гимн туралы тыңдап, әңгімелейді. Үйренген тақпақтарын айтып, бір-біріне ризашылықтарын</p>

	<p>Неткен әйбат, әдемі. Тұнығындай көңілдің Ортада — аспан әлемі.</p>	<p>білдіре қол шапалақтап, қошемет көрсетеді.</p>
	<p>- Біздің Қазақстанымыз кең-байтақ жері бар өте үлкен мемлекет. Әдемі қалалары бар, табиғаты сұлу, таулары, өзендері көрікті (Суретгер, көриекіліктер көрсету). Қазақстанымыз туралы ән орындап берейін. Музыка тыңдау: «Қазақстан» (С.Мұхамеджанов, Ғ.Жұмабаев). - Әннің сипаты қандай? - Әнде не туралы айтылады? - деген сұрақтар қою арқылы балаларды әңгімеге тартады.</p>	<p>Суретгерді тамашалан, қызығушылықтары артады. Әңгімені қызыға тыңдайды. Әнді бар ынталарымен тындап, ән мәтінін түсінуге тырысады. Ән көңілді, әдемі. Әнде Қазақстанымыз туралы айтылады.</p>
	<p>Сендерді Қазақстанымызды аралап, танысуға саяхатқа шақырамыз. Пойыз макеті қойылып, вагондардан орын алу ұсынылады. Паровозға машинист тағайындайды. «Пойыз» (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек) әнін ырғағымен вагондар қозғалады. Мен, паровоз, от алам, Астанаға бет алам Пуп-пуп, пыш-пыш. Балаларға әуен ырғағымен вагон дөңгелектерінің қозғалысын қолдарын шынтақтан бүгіп. Қымылдаттып көрсетулерін сұрайды, еркін қозғалып,</p>	<p>Көңілді пойызға жайғасып отырады. Көңілдері көтеріліп, шапанады. Әнді тындап, ырғағымен қимылдарды көрсетуге талиынады. Паровоз даусын салып, көңілденеді.</p>

<p>көңіл көтерүүлеріне мүмкіншілік береді.</p> <p>- Біз Шымкент қаласына жақын, оап келеміз. (Қала суретін немесе слайд көрсету.) Шымкент - жасыл желекті, әдемі қала. Пойыздан түсіп, демалып, көңіл көтерейік. Көңілді ән тындайық.</p> <p>«Бөбектер әні» (Е.Тәшенов, О.Көлжанов) орындалады. Әнді мұқият тыңдауларын сұрайды. Әуен ырғағын шапалақпен көрсетіп, есте сақтауға үйретеді.</p> <p>- Саяхатымызды жалғастырамыз, - деп пойызға қайта отыруды ұйымдастырады.</p>	<p>Қала суретін тамашалайды, танырқайды. Пойыздан түсіп кілемге жайғасып отырады, демалады. Әнді тыңдап, әуеніне қосылуға талпынады. Ырғақы шапалақпен дәл көрсетуге тырысады. Пойызға қайтадан отырып, сапарларын жалғастырады.</p>
--	--

Бірте-біртте тездейсіз, Тез жетуді көздейміз. Пуп-пуп, пыш-пыш. Балаларға дөңгелектер қимылын көрсетіп, қайталауды ұсынады.

- Келесі станса Түркістан қаласы! - деп хабарлайды. Ұнтаспадан «Түркістан» әні (Р.Рымбаеваның орындауында) естіледі. Жетекші балаларға қала суретін тамашалауды ұсынады.

Қаладан көп өтеміз. Астанаға жетеміз. Пуп-пуп, пыш-пыш. Саяхат зрі қарай жалғасады.

- Міне, Астанаға да жеттік (суреттер көрсетіледі). Көшелері қандай әдемі! Биік үйлер көп екен. Ал мынау жарқырап тұрған - «Бәйтерек» кешені, - деп таныстырады.

Біз көңілді баламыз, Ойнап асыр саламыз. Ән де айтып, көңілді, Би де билей аламыз. Би: «Кел, билейік» биін (СД «Ақжелкен» жинағынан) билеуге шақырады.

Түркістан қаласының суретін көріп. тамашалайды. Әнді тыңдап, әсерленеді. Көңілді пойызбен саяхаггарын жалғастырады. Бабалар жарқын дауыспен паровоз даусын қуана салады.

Астананың сәулеггі кешелерінің суреттеріне таңырқая қарайды, қуанады. Би қимылдарын бірге жасауға, ырақпен қозғалуға әрекет етеді.

	<p>- Қандай рәміздерді білесіндер?</p> <p>- Қай мемлекетте тұрасындар?</p> <p>— Қандай қалаларға бардык?</p> <p>- Кімге қай қала ұнады? - деген сұрақтар қою арқылы оқу іс-әрекетін қорытындылайды.</p>	<p>Балалар естіп-білгендерін, көргендерін айтып жауап береді. Қуанышты күйде қоштасып шығады.</p>
--	---	---

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді сезіне тыңдауды, мәтінін әңгімелей білуді, әуеннің тембрін ажыратуды.

Игерсді: жалаушалармен еркін жаттығулар жасауды, ойын саяхатына белсене қатысуды, ән әуенін, ырғағын шапалакпен келтіруді.

Меңгереді: мемлекеттік рәміздермен ганысып, Қазақстан туралы мәліметтерді ұғынуды.

№ 21—22 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка

Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында»

Мақсаты: шығарманы аяғына дейін тыңдауға, әуен сипатын анықтай білуге баулу. Аспаптарда еркін ойнап, игеруге үйрету. Әуенді ойын әрекеттеріне талпындыру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

Корнекілік: кішкентай шыршалар, үшбұрыш, металлофон аспаптары, таяқшаға бекітілген жылтырақ әшекейлер, шырша ойыншықтары.

Сөздік жұмыс: шырша, ұлпа қар, Жаңа жыл.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері:

Мотивациялық қозғалыс

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

«Шырша жыры» әнінің (Б.Бейсенованың жинағынан) ырғағына балалардың шеңбер бойымен қол ұстасып жүруі ұсынылды. Ән мәтініне сәйкес қимылдарды үйретіп, қайталауды сұрайды. Шеңбер бойымен жүруді, қайырмасында қолдарын екі жаққа созып, аяқтарын топылдатуды көрсетеді. Жұмбақ жасырып, шешуін табуы сұрайды. Өзгертпейді түр-түсін, Қымбат әркез жүрт үшін.

(шыриш) Орғаға кішкентай шыршаны әкеліп қояды.

Балалардың іс-әрекеті

Әуен екпініне ілесе шеңбер бойымен қол ұстасып, жеңіл жүреді.

Қолдарын екі жаққа созып, шыршаны көрсегеді. Аяқтарын бірге топылдатуға, ырғақпен ілесуге үйренеді.

Жұмбақтың шешуін табады.

Шыршаны көріп, қуанады.

Сұлу сәнді шыршаны, Көз тоймайтын қарасаң, Біздер үшін орманнан

Жіберіпті мырза атам,- деп шыршаны ойыншықтармен безендіруді ұсынады.

Әдеміпеп біз ілген Ойыншықтары тізілген. Қандай жақсы шыршамыз, Ән иірқайық баршаиыз.

Шыршаға түрлі түсті ойыншықтарды көңілдене іледі, қызығушылықтары артады.

¹ Ән тыңдау: «Шыриша әні»

(К.Қуағбаев, Ж.Смақов) Балалардан әнді мұқият тыңдауларын сұрайды.

- Ән не туралы?

- Шырша жырын қай кезде айтамыз? — деген сұрақтар қойып, жауап алады. Дауыс жаттығуы: «Шыршам ыз».

Міне біздің шыршамыз, ля- ля-ля

Ұпатамыз баршамыз, ля-ля- ля

Жаттығуды әндете, ойнақы орындауды ұсынады.

Ән үйрену: «Жисыл шырша жанында» (К Қуатбаев, А. Асылбек). Әннің мазмұнын түсіне, сәйкес қимылдарды бірге жасауға үйретеді, қайталатады. Ұқсап ұлпа жүнге, Жеңіл қонар жерге. Ұлпа царлар аппац Икемді екен биге. Құрбылармен бірге Шыр айналып биле.

Би: «Ұлпа царлар» биін қыздарға билеуді ұсынады. («Билеп үйренейік» жинағынан). Қар әшекейлерін ұстап, жеңіл жүгіріп, би қимылдарын жасауға үйретеді.

внді ынталана тықдап, мәтінін түсініп, сұрақтарға жауап беруге талпынады.

Шырша туралы өз түсініктерін, білгендерін айтып береді.

Дауыс жаттығуының әуенін таза, сөзін анық орындайды.

Әнді тыңдап, педагогтің көрсетуімен қимыл- қозғалыстарын қайталайды.

Қар әшекейлерін ұстап, аяқ ұшымен жеңіл жүгіреді, әуенге ілесе баяу қимылдар жасап, бірге билейді. Әуен ырғағына сәйкес бірқалыпты тербеледі.

Бізбен бірге жайдары Жарқырайды. жайнайды. Аиналамыз шыршаны Ойын ойнап баршамыз.

Аспапта ойнар: «Сағат» әуенін оркестрде ойнауды үйретеді (үшбұрыштар, мегаллофондар). Екі бөлімнен тұратын, түрлі сипаттағы әуенді ойнауға дағдыландырады. Балаларға арналған аспаптарда әуен ырғағына сәйкес катты және жай ойнап көрсетеді.

Жасыл шырша төрдегі Дейді: «Бәрің көр мені!» Кеткен ,тсем құлпырып, Ойыншықтар тұр тұнып!

- Біз шыршаны әсемдеп, безендірдік,

- Осы шыршаның суретін салып, туыстарымызға, достарымызға сыйға тартайық.

Белсене қатысқан балаларды мадақтайды.

Көңілді ойынға белсене қатысып, көңіл көтереді.

Шырша туралы білетін такпак, өлеңдерін айтып, қуаныш сезіміне бөленеді, Балалар қуана келісіп, қоштасып, топқа қайтады.

Күтілетін нәғиже: Біледі: әуен сипатын ажырату, шығарманы аяғына дейін тыңд эн ырғағын шапалақтап көрсетеді.

Игереді: қоіырау, бубен, маракас аспаптарында еркін ойнауды, қимылдарын бірге жасауды, әуенмен ілесе қимылдауды,

Меңгереді: әннің әуенін таза әндетуді, сөздерін анық айту Ойын шарттарын сақтап, белсене қатысуды.

№ 23—24 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка

Тақырыбы: «Қысқы әуен»

Мақсаты: түрлі сипаттағы әндерді орындауға үйрету, шығармашылыққа баулу, би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындауға дағдыландыру.

Көрнекілік: ұлдар санына аю атрибуттары, қыздар санына сәйкес қоян атрибуттары, ойыншық Аязата, кішкентай шырша, шығыршықтар (обруч).

Сөздік жұмыс: Аязата, Санта-Клаус, Акшақар.

Оқу іс-әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың Іс-әрекеті
	<p>«Жаңа жыл» әні орындалып, балаларды залда қарсы алады. Жетекші балалардың шеңбер құрып айналып, әуен ырғағымен қозғалуларын сұрайды. Ән мәтініне сай қимыл-қозғалыстарды бірге жасап көрсетуді ұсынады. Ұлдарға аю атрибуттарын, қыздарға қоян атрибуттарын кигізіп, әуенді қимылға шақырады. Әуенді қимыл: «Аю», «Аю бшіейді» (Т.Ломова) әуендеріне аюдың жүрісін. би қимылдарын өз беттерінше көрсетуді ұрайды.</p>	<p>Балалар үлкен шеңбер жасап, әуен ырғағымен екеден айналады, серіппе қимылдарын жасайды.</p> <p>Балалар аю, қоян атрибуттарын киіп қуанады, көңілдері көтеріледі.</p>

~ Бізбен бірге жайдары Жарқырайды. жайнайды. Айналамыз шыршаны Ойын ойнап оқирамыз.

Аспапта ойнау: «Сағат»

әуенін оркестрде ойнауды үйрегеді (үшбұрыштар, металлофондар). Екі бөлімнен тұратын, түрлі сипаттағы әуенді ойнауға дағдыландырады,

Балаларға арналған аспаптарда әуен ырғағына сәйкес қатты және жай ойнап көрсетеді.

Көңілді ойынға белсене қатысып, көңіл көтереді.

Жасыл шырша төрдегі Дейді: «Бәрің көр мені!» Кеткен әсем құлпырып, Ойыншықтар тұр тұнып!

- Біз шыршаны әсемдеп, безендірдік.

- Осы шыршаның суретін салып, туыстарымызға, достарымызға сыйға тартайық.

Белсене қатысқан балаларды мадақтайды.

Шырша туралы білетін такпақ, өлеңдерін айтып, қуаныш сезіміне бөленеді.

Балалар қуана келісіп, коштасып. топқа кайтады.

Күтілетін нәғиже:

Біледі: әуен сипатын ажырату, шығарманы аягына дейін тыңдғы ән ырғағын шапалақтап көрсетеді.

Игереді: коңырау, бубен, маракас аспаптарында еркін ойнауды.

қимылдарын бірге жасауды, әуенмен ілесе қимылдауды.

Меңгереді: әннің әуенін таза әндетуді, сөздерін анық айтуд*| Ойын шарттарын сақтап, белсене қатысуды.

Бұл кезде қояндар құрсаулар ішінде отырады. «Қояндар» (Т.Ломова) әуеніне қояндар ортада секіреді. Бұл кезде аюлар шырша түбінде ұйықтаған болып отырады. «Аю» әуені ойналып, ; аюлар «қорбандап» шығады, «Қояндар билейді» әуеніне қояндар тез қашып, құрсауларға жасырынады. Ортадағы шырша жанына ойыншық Аязатаны қойып, балаларды жақын шақырады. Балаларға Аязатаны тамашалауға мүмкіндік береді.

- Аязата қай кезде келеді?

- Біз Аязатаға не дайындаймыз?

--Ол бізге не әкеледі? - деген сұрақтар қойып, балаларды әңгімеге тартады.

- Балалар, мен Аязатаны қуантып ән айтып берейін, сендер де мұқият тыңдандар,- деп

Әуенге ілесе оз еріктерінше би қимылдарын көрсетеді. Қояндар құрсаулардан шығып, жеңіл секіріп жүреді. Аюға ұсталып қалмас үшін, тез жүг іріі, құрсауларға жетуге асығады.

Балалар ойыншық Аязатаны көріп, тамашалайды.

Қойылған сұрақтарға жауап береді.

	<p>«Аязата» (Ж.Қалжанова) әнін орындайды.</p> <p>- Әннің сипаты қандай?</p> <p>- Әнде не туралы айтылады? - деп әннің көңіл күйі, мазмұны туралы сұрайды.</p> <p>Дауыс жаттығулары айтылып, балаларды ән айтуға дайындайды.</p> <p>Музыка тыңдау: «Аязата</p>	<p>Балалар әнді бар ынтасымен тыңдап, ән мәтінін түсінуге тырысады, әңгімелеп береді.</p> <p>Ән өте кеңілді.</p> <p>Аязата туралы, сыйлық туралы айтылады.</p>
--	---	--

	<p>сыйлығы» (Ж.Тезекбаев, И.Сапарбаев) энін орындап, балаларға мәтінге сай қимыл ойлап табуды ұсынады, Балалардың өздері көрсеткен би қимылдарын тамашалап, мадақтайды.</p> <p>Би: Ұлдарға «Кішкентай Аязаталар» (Санта-Клаустар) би қимылдарын көрсетіп («Билеп үйренейік» жинағынан), қайтапауларын сұрайды. Қыздарға «Қояндар биін» («Билеп үйренейік» жинағынан) ырғақпен билеуді ұсынады.</p> <p>Ойын: «Аю мен қояндар» (Б.Дәлденбай). Ойын шарттарын сақтау қажеттігін ескертеді.</p>	<p>Балалар өздері білетін би қимылдарына қоса әнге лайықғы қимылдарды ойлап табады.</p> <p>Ұлдар би қимылдарын бірге жасауға, ырғақпен әдемі қимылдауға әрекеттенеді. Қыздар жеңіл секіріп, айналып, серіппе қимылдарын орындайды.</p> <p>Балалар ойынға белсене қатысады, көңілдене ойнайды.</p>
--	---	---

	<p>- Аязатаға қандай өнерімізді көрсеттік?</p> <p>- Кімге қандай кейіпкер ұнайды?</p> <p>- Қандай тақпақ ; білесіңдер?</p> <p>- Аязатамен қандай ойын ойнаған ұнайды?</p> <p>Балалардың жауаптарын ескеріп, мерекелік ертеңгілікке ойындар, кейіпкерлерді лайықтап бөледі.</p>	<p>Көңілді балалар қызығушылықпен, белсене жауап береді.</p> <p>Аязатаны асыға күтетіндіктерін айтып, қоштасып шығады.</p>
--	--	--

Күтілетін нәтиже: Біледі: түрлі сипаттағы әнді сезіне тындауды, әнді сипатына сай мәнерлеп, анық айтуды.

Игереді: музыкалық ойын әрекеттерін әуенмен көрсетуді, би қимылдарын ойлап табуды.

Менгерді: әуенге ілесетаныс би қимылдарын еркін жасауды, ойын кейіпкерлерінің қимылын, іс-әрекеттерін өз беттерінше көрсетуді.

№ 25-26 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдас ғырылған оқу іс-зрекетінің түрі: Музыка Тақырыбы: Қуыршақ театры: «Ақтөс пен Марғау» Максаты: музыканы тыңдауды, музыканың көңілді-көңілсіз. жуан-жіңішке түрлерін ажырата білуге баулу. Дауыс ырғағына сай жаттығу жасауды үйрету. Көрнекілік: театр сахнасы, қуыршақтар. Сөздік жұмыс: Жаңа жыл.

Оқу іс-зрекетінің кезевдері	Музыка жетекшісінің іс-зрекеті	Балалардың іс-зрекеті
	<p>Музыка жетекшісі балалардың тобына барып, «Қуыршақтеатрын» көруге шақырады.</p> <p>Жетекші балаларды Ертегіші кейпінде қарсы алады, амандасады.</p> <p>Ертегіші: Балалар, бүгін бізге қонаққа Марғау мен Ақтөс келді. Олар бір-бірімен келіспей, бір нәрсеге таласып жатқан сияқты. Тындап керіндерші.</p> <p>(Қуыршақтардың даусын Ертегіші өзі салып ойнайды.)</p> <p>Марғау (даусы алыстан естіледі): Мияу-мияу, мен айтамын.</p> <p>Ақтөс: Әуп-әуп, мен айтамын.</p> <p>Ертегіші: Дауыстарын естіп тұрсыңдар ма, балалар? Мысық Марғау қалай дыбыстайды? Ал Ақтөс ше?</p>	<p>Балалар музыка залына үлкен қуанышпен келеді. Амандасып, орындарына орналасады. Қуаныштарын білдіреді.</p> <p>Балалар Марғау мен Ақтөстің дауыстарын естіп, түсінуге тырысады.</p> <p>Мияу - жіңішке. Әуп-әуп - жуан.</p>
	<p>Марғау: Мияу-мияу, мен айтамын.</p> <p>Ақтөс: Мен айтамын, әуп- әуп.</p> <p>Ертегіші: Ақтөс, Марғау, сендер неге таласып жатырсыңдар?</p>	<p>Балалардың эмоциялары өзгереці, қуанады.</p> <p>Әнді айтуға таласып жатыр.</p>

	<p>Ақтөс: «Жасыл шырша жанында» әнін мен айтамын (мұнайған кейіп танытады).</p> <p>Ертегіші: Сендер таласпандар, әнді бірге айтыңдар, ал біз сендерге көмектесеміз.</p> <p>- Бабалар, Марғау мен Ақтөс көңілді ме, жоқ, көңілсіз бе?</p> <p>Мушка тыңдау; «Сялелгет пе, Аязата» (Б.Дәлденбай, И.Сапарбай).</p> <p>Ақтөс пен Марғау көңілдене қосылып айтады.</p> <p>Марғау жылайды.</p> <p>Ақтөс: Сен неге жылап отырсың?</p> <p>Марғау: Қазір сен кетін қалсаң, Түлкі мені алып кетеді.</p> <p>Ақтөс: Онда біз Түлкіні алдаймыз. Сен менің үйіме кіріп жат.</p> <p>Ертегіші: Балалар, Түлкі келгенде қалай алдаймыз, көмектесіңдер ме?</p> <p>Түлкі (келеді): Мен Түлкімін, Түлкімік, қайда кетті мысығым?</p> <p>Ертегіші: Түлкішек, сен кімді іздеп келдің?</p> <p>Түлкішек: Мен Марғауды Жана жылымен құттықтайын деп едім.</p> <p>Ертегіші. Түлкішек, сен бізге өнерінді көрсетсең, біз саған Марғауды тауып береміз.</p>	<p>Ақтөс көңілсіз.</p> <p>Балалар әнді қосылып орындауға тырысады.</p> <p>Балалар Марғауға мұңая қарайды.</p> <p>Балалар Түлкіге айтпауға уәде береді.</p> <p>Түлкі қу. Марғауды жасыру керек.</p>
--	--	--

<p>Түлкішек: Сендер маған қандай эн сыйлайсындар? Ертегіші: Біз саған «Жасыл шырша жанында» әнін (К.Қуатбаев, А.Асылбек) тарту етеміз. Балалардың әнді қайталап айтуын сұрайды. Түлкішек: Рақмет, достарым! Менің дорбамда сендерге алып келген іапсырмам бар. Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ». Жаттығуды төменнен жоғарыға бастауды түсіндіреді</p> <p>(қолымен төменнек жоғарыға қарай баспалдақпен сермеп бірте-бірте жоғарылай береді).</p> <p>Түлкішек: Мына сандықшаның ішінде түрлі текшелер бар екен, текшелерді сендерге сыйға тартамын, ал сендер шешуін табыңдар. Түлкі сандықшаны ашып, ойындарды балаларға үлестіреді. - Сендер текшеге қарап, ондағы қимылдарды көрсете аласындар ма? Ертегіші балаларға би қимылдарын музыка сүйемелдеуімен қайталауды ұсынады. Ойын: «Сойлеитін бубен». «Шапалақ», «Секіру», «Жұптасу» қимылдарын керсетуді ұсынады.</p>	<p>Балалар әнді естеріне түсіруге тырысады.</p> <p>Жаттығуды 2-3 мәрте қайталайды. Балалар текшеге қарап, қолдарымен корсетіп, айтады. Текшедегі қимылдарды қайталауға тырысады.</p> <p>Балалар сандықшадан шыққан түрлі суреттерге қарап, Ертегішімен бірге қайталап билеуге тырысады.</p> <p>Ойынды 2 мәрте қайталайды.</p>
--	---

	<p>Дорбаның ішінен тағы да Қасқыр мен Қояндардың суреті шығады.</p> <p>Ертегіші балалардын Ж.Бизенін «Қасқырлар мен Қояндар» койышымын қайталап билеуін сұрайды.</p> <p>Ертегіші: Түлкі, саған көп-көп рақмет. Сенің алып келген тапсырмаларыңды біз жақсы орындадық. Енді біз саған Марғауды тауып береміз, ол үшін екеуің тату болуларың керек, - деп Марғауды шақырып, екеуін татуластырады. қоштасады.</p>	<p>Балалар Қасқырлар мен Қояндарға, Түлкішек пен Марғауга қол бұлғайды.</p>
	<p>- Балалар, сендер өте жақсы қатыстыңдар, әдемі биледіңдер.</p> <p>- Бізге Түлкішек қандай тапсырма әкелді?</p> <p>- Қандай би түрлерін биледіңдер?</p> <p>- Балалар, сендерге келесі жолы тағы да конактар шақырамын. Сендер үйренген биді, әнді, ойындарды топта, үйде қайталаңдар, - деп балаларды мадақтайды, қоштасады.</p>	<p>Жаттығулар, текшелер алып келді. Секірдік, шапалақты ырғақпен ұрдық. Вальс ырғағына кимылдадық.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, көңілді-көңілсіз, жуан-жінішке сипаттарын ажыратуды.

Игереді: музыканы тындай отырып, қуыршақ театры аркылы; рөлдерде кейіпкер даусын салып ойнауды.

Менгереді: музыкалық шығармаға би ырғақтарын келтіре билеуді

№ 27—28 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка Тақырыбы: «Сикырлы ормандағы құртақандар» Мақсаты: музыканы есту қабілетін дамыту, әнді срындаушылық қабілетін ояту, әуенді сезіну, ырғақты ажырата білуге баулу.

Көрнекілік: жұмсақ ойыншықтар, қуыршақ құртақан, музыкалық аспаптар: үшбұрыш, қоңырау, бубен, маракас, металлофон; сандықша, үлкен қар, кішкентай шырша.

Сөздік жұмыс: қыс, қар таяқшалары, құрғақан (гном).

Оқу іс-әрекетінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Балаларды көңілді күймен қарсы алады.</p> <p>Бүгін барлығы сикырлы орманға баратынын айтады.</p> <p>Музыка тыңдау: «Вальс» (П. Чайковский, ұнтаспадан тыңдау). Балаларды жұптасып, жай ырғақпен жүруге үйретеді, музыканы тыңдай жүріп ырғақты дұрыс жасауды қалыптастырады.</p> <p>«Табиғат құбылысы» (ұнтаспадан тыңдалады).</p> <p>Балаларға жауып тұрған қар үшкындарын көз алдына елестетіп, аяқ ұшымен жүгіруді, қоядарымен қар үшкындарын ұстауды сұрайды. Музыка әуенімен педагог жүгіре басып, үлкен қарды алақанына салып алып келеді.</p>	<p>Балалар залға кіріп, бірінің артынан бірі тізіліп тұрады.</p> <p>Балалар вальс ырғағымен жүреді, қимылдарды қайталайды, айтуға тырысады.</p> <p>Балалар музыка әуенімен, көз алдына жауып тұрған қарды елестетіп жүгіруге, отырып тыңдауға, және алақанымен қағып алуға тырысады.</p>

— Балалар, қардың сендерге айтар хабары бар екен. Құртақандар көмекке шақырады, Орманға барамыз, Құртақандарды табамыз. Жылдам жүгіреміз, Адымдап жүреміз, - деп балаларға дауыс жаттығуын жасатады.

Балалар шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді, адымдайды

Балалар дауыс жаттығуын тыңдай жүріп айтута талпынады.

«Қыс» әнін еркін қайталап айтуға тырысады.

Балалар жеке дауыспен айтуға талпынады. Бірге қол шапалақтауға тырысады.

Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ»

(Е.Тиличеева). Жаттығуды айтқызады, үйретеді. Балаларды отырғызып, демалуын сұрайды.

Ән үйрену: «Қыс» (Б.Жүсібалив, А.Асышбек). Балаларға әнді жаттатып үйретеді.

Әуенді-қимылды қызғалыс: «Қоңыраулармен билейміз». Балаларды жеке-жеке шығарып айтқызады:

1-бала:

Келіндер, келіндер, Бүббен ойнап көріңдер.

2-бала:

Келіндер, келіндер, Бізбен билеп нөріңдер.

3-бала:

Шапалақтап цағыңдар, Айналыңдар, билеңдер.

4-бала:

Топылдатып аяқты.

Кезек-кезек соғыңдар!

	<p>Жетекші қуыршақ құртаканды көрсетеді. Құртакандардың балаларға қоңырау, метачлофон, үшбұрыш, маракас, бубен аспаптарын беріп жібергенін айтады. Аспапта ойнау: «Сылдырмақ» (орыстың халық әні). Жетекші балаларға музыкалық аспаптармен қосылып ойнауды үйретеді. Аспаптарда ойнайың, Шыршаға барайық, Бір-екі, бір-екі, Ырғақты бұзбайық.</p>	<p>Балалар музыканы тыңдап, қимылдарды қайталауға талпынады. Аспаптарда ырғақты бұзбай ойнауға тырысады. Аспаптарды ауыстырып ойнауға үйренеді.</p>
	<p>Ойын: «Шаңш тебеміз» (Е.Тиличеева). Асыр салып ойнаймыз, Шаңғыларды байлаймыз. Ырғақпенен қозғалып, Жаттыгуды жасаймыз. - Бүгін бізге кімдер келді? - Сендерге аспапта ойнаған ұнады ма? Балаларды мадақтайды.</p>	<p>Балалар ойынға қызығушылықпен қатысады. Ойын барысында әуенді, ырғақты сезінеді. Құртакандар Ұнады Қоштасады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы еезіне тыңдауды, ән айтуды. Игереді: музыкалық аспаптарда ойнауды.

Меңгереді: музыка ырғағымен билеуді, ырғақпен шапалақ қағуды.

№ 29—30 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка
Тақырыбы: «Қыс қызығы» Мақсаты: музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Ө мәнрлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға же леу.

Көрнекілік: ұрмалы аспаптар: бубен, маракас, үшбұрыш; к көрінісі бейнеленген сурет.

Сөздік жұмыс: қыс, шырша, аккала.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Балаларды алаңға «Қыс қызығы» ойын-сауығына шақыру. Жетекші: Қыс цызығы басталды, Ойнап, асыр сапайық. Сазды әуенмен мәнрлеп, Ырғақты әнге салайық. Музыка тыңдау: «Жана жыл» (Қ.Шілдебаев, кайталау). Балаларды шеңберге тұрғызып. әндете жүріп бубенді үлестіреді.</p>	<p>Балалар ойын-сауыққа көңілдене шығады. Балалар бубенді әндете жүріп үлестіруге тырысады.</p>

	<p>Бірімізге-біршіз Бубенді үлестіреміз. Кімге кеяіп тоңтаса, Би ыргағын көрсетсін. Әуен тоқғағанда бубен қай балаға түссе, сол баланы ортаға шығарып, ойын шартын түсіндіреді. Біз бубенді ырғақпен соғамыз, ал сен ырғақты бұзбай билеп бересің. Барлық балаларға сылдырмақ, бубен, маракас, т.б. ұрмалы аспаптарды үлестіріп береді. Біз ырғақты қағамыз, Бір, екі, үш, тәрт, Жылдамдатып соғамыз. Тез-тез, тез-тез, тез-тез, Жай, жай, жай, жай. Тоңтат, тоқтат ырғақты, - деп бірнеше бала кайталайды. Күлдіргіш кейпінде</p>	<p>Ортаға шыққан бала ырғақты тыңдап, би қимылдарын есіне түсіруге талпынады. Балалар аспаптарды қолдарына алады. Ұрмалы ас паптармен ырғақты кайталап соғуға тырысады.</p>
--	---	---

	<p>педагог жүгіріп келеді. Жеделхат алып келіп, окиды: «Аққала көмекке шақырады». «Үш аю өз өнерін көруге шақырады» «Қояндар жарысқа шақырады». Күлдіргіш балалармен аяғына дейін бірге ойнайды.</p>	<p>Балалар шақырған кейіпкерлерді естеріне гүсіреді.</p>
--	--	--

57

«Шаңғы тебеміз» (Е.Тшщеева) эн жаттығуымен Аққалаға көмекке баратындарын түсіндіреді.
Ойын: «Аққаланы қай топ бірінші қалап бітіреді».

«Қыс» (Б.Жүсімалиев, А.Асылбек) энін Аққалаға айтып беру керегін айтады.

Эн жаттығуымызды айтып, енді Үш аюдын өнерін көруге барайык. Ойын: «Ырғақты жұ.нбақ».
Аспаптар ырғағы аркылы анықтау. Бұл қай аюдың жүрісі?

* Ауыр, жай ырғақ.

* Орташа, көңілді ырғақ.

* Жеңіл, көңілді ырғақ. Балалардан конжықтың және әке аю мен ана аюлардың жүріс ырғақтарының айырмашылығын сұрайды, түсіндіреді, үйретеді, қайталайды. Енді эн жагтығуымен жарысқа шақырған қояндарға баруды ұсынады. Қояндар (педагогтер) карсы алады. Қояндар балаларды үш топқа бөледі, қолдарына ұрмалы аспаптарды таратады.

Жаттығуды қайталап айтуға тырысады.

Ойын ойнайды. «Қыс» энін еркін орындайды.

«Үш аю» ертегісін естеріне түсіреді.

Балалар ырғақты тындайды.

Әке аю Ана аю Қонжық Қонжықтың және үлкен аюлардың жүріс ырғақтарынын айырмашылығы айтуға талпын!

Балалар жатты айтып қояндарғз барады, үирене

	<p>Ойын: «Көңілді ырғақ». Қоян дирижер рөлінде. Ырғақ пен өлшемге арналған ойын. Жай, бірте-бірте жылдам және тез ырғақ. «Ақшақар» (К.Қуатбаев, Қ.Ыдырысов) энін қайталату.</p>	<p>Дирижерға қарап, қызығушылы кпен қатысады. Қимьшдарының ырғағы мен өлшемін ажыратуға талпынады. Балалар энді мәнерлеп айтады.</p>
<p>Рефл екция лы к-түзетушілік</p>	<p>- Балалар, сендер бүгін қандай мерекеге бардыңдар? - Кімдерді кездестірдіңдер?</p>	<p>Қыс қызығы мерекесіне. Аю, аққала, қоян, күлдіргіштерді.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тындауды, ырғақты сезінуді, энді мәнерлеп ай- туды.

Игереді: музыкалык аспаптарда ырғақты сезіне ойнауды. Текше- мен жұмыс жасауды.

Меңгереді: музыканы тындап, би қимылдарын бірге жасауды (секіру, жүру, жүгіру).

№ 31—32 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка

Тақырыбы: «Біздің атай»

Максаты: күн көзінің жылуындай өз бойларындағы жылуды энмен отбасы мүшелеріне жеткізе білуге үйрету, әнді ынтамен айтуға баулу.

Көрнекілік: отбасы мүшелерінің суреті. Атжарыс, көкпар тарту суреттері, құл ыншақтың суреті.

Сөздік жұмыс: қамкор, бағбан, ұста.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Балалар музыка бөлмесіне «Марш» (Е. Андосов) музыкасымен келеді. Музыка ырғағына ілесіп, аяқты нық басуға, тізбектеліп шеңбер бойымен жүре айту.</p> <p>Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізу.</p> <p>Шаңылауға тоймайды, Жүйрік құлын бұл неткен! Тыным таппай ойнауды Өзіне кім үйреткен?</p> <p>Е. Ескендіров</p>	<p>Балалар бірінің соңынан бірі тізіліп, шеңбер бойымен жүреді.</p> <p>Шаттық шеңберінде жылы лебіздерін айтады.</p>
	<p>- Балалар, бұл өлеңде не жайында айтылып отыр (фланеграфқа шауын келе жатқан құлыншақтың суретін ілу).</p> <p>- Құлын қай жануардың төлі?</p> <p>Жауап беруге көмектесу.</p> <p>Құлыншақ күні бойы шапса да шаршамайды.</p> <p>Музыка тыңдау: «Құлыншақ» (Ж. Тұрсынбаев).</p> <p>- Балалар, көздеріңді жұмып тыңдаңдаршы, нені елестетіңдер? Дұрыс,</p>	<p>Өлеңді тыңдап, музыка жетекшісінің сұрақтарына жауап береді.</p> <p>Музыканы тыңдай отырып, алған әсерлерін білгендерінше жеткізуге тырысады.</p>

аттың шабысын. Ат
(жылкы) қанда емір сүреді,
қалада ма, әлде ауылда ма?
Жылқыға көбінесе аталар
күтім жасайды.

Әнді бар ынтала-
рымен тыңдайды,
сұрақтарға жауап
береді.

Енді сол аталар туралы эн үйренейік. Эн уйрену: «Біздің атай» (К.Қуатбаев, Ә.Дуйсенбеков). – Атаның қолынан бәрі келеді: егін де егеді, мал да бағады, үй де салады. Ол кіеіні барлығы жақсы көреді. Эн кеңілді атаға арналған. Сендердін атапарың бар ма? Аталарың сендерді қалай атайды? Әннің мәтінін тындаған соң, әуенге қосылып айту- ды үйренеді. Өткен әндерді еске түсіріп қайталап айту. Оішн: «Байге».

Балалар, біз құлыншак ту- ралы музи тыщцағанбыз, енді сол музыкаіа екі-екі баладан шығып, бәйгеге тусіп жарысамыз. Белгіленген жерге кім бұрын келсе, сол бала жеңіске жетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. Би: «Сайыс би», «Келінііек» («Билеп үйренейік» жинағынан).

- Біз бүпн қандай жануар туралы музыка тыңдадық?

- Құлыншак қай малдын төлі?

Сабакты қорытындылау, мадақтау.

Әнді үйреніп, әуенімен қосылыш айтады.

Өз аталары туралы айтады.

Ойыншық ағаш атқа мініп, аттың шабысын салып жарысады. Балалар ойынды аса құлшыныспен ойнайды. Оларға атқа шапқан ұнайды.

Бн элементтерін дәл қайталауға талпынады.

Рефлексиялық- түзетушілік

Құлыншак туралы. Жылқының төлі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ата туралы, үй жануары жылқының төлі құлыншак турал Иіереді: қамқор, бағбан, ұста сөздерінің мағынасын. Меңгереді: аттың шабысын салып жарысу дағдыларын.

№ 33 — 34 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка
Тақырыбы: «Бесік жыры»

Мақсаты: ата-анасын сыйлай, кастерлей білуге баулу. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілігін музыка тілімен жеткізуге үйрегу. Көрнекілік: қуыриіақ, қуыршақтың төсегі. Сөздік жұмыс: құндызым, жұлдызым.

Оқу іс- әрекетінің кезендері

Музыкз жегекшісінің іс-әрекеіі

Бала^іар кіузыка бәлііесіне " марш әуенімен жүріп келеді. Шаттық иіеңберін құрып, бір-біріне сәттілік тілеп, қолдарының жылуын береді. Қуан, шаттан. балақай!

Жарқырайоы аспанда күн, алақай!

Атқан таңға, шыққан кунге сәлем беріп,

Күтейік бақыт баршамызга осындай

Үстел үстінде қуыршақ Айгүл күтіп отырады. Жанында жататын төсегі, Сөйлемейсің сен неге, Тілің жоқ па, қуыршақ? Біз күлгенде, күлмейсің, Бізбен бірге жүрмейсің.

Жалқаусың ба, қуыршақ?

Р. Тышқанбаев

Балалардың іс-әрекеті

балалар көңілді әуенмен музыка залына келеді. Шаттық шеңберін жасайды.

Оқу іс-зрекетінің кезендері	Музыкз жегекшісінің іс-әрекеіі	Бялялардың іс-әрекеті
	<p>- Бүгін бізге қонаққа Айгүл қуыршақ келіп оыр. Айгүл жыламайды, күлмейді, жүгірмейді. Бірақ сендер не істесендер де, тамашалап қарайды. Өндерінді тындап, билерінді қызықтайды. Айгүлдің жанында төсегі бар, шаршаса, демалады. Анасы бөпесін бесікке жатқызып ұйықтатар алдында «Бесік жырын» айтқан.</p> <p>Ән тыңдау: «Әлди, элди, бөпем-ай» (Б. Аманжол, Г. Аманжол). Қуыршақгы төсегіне жатқызып, «Бесік жыры» айтылады.</p> <p>Әрбір ана сәбиін осьтай</p>	<p>Балалар Аигүл қуыршақпен амандасады. қызықтайды.</p> <p>Бесік жырын тыңдайды. Бұл эн кай кезде айтылатынын</p>

	<p>ұйықтатады.</p> <p>Айгүл ұйқыдан оянды. Өткен әндерді еске түсіріп, кайталау.</p> <p>Ән үйрену: «Анашым» (Е. Хасанғалиев, А. Асылбек).</p> <p>Аналарың сендерді әндетіп ұйықтатады, мәпелейді. баптайды, тамақтарыңды беріп, киімдерінді жуады. Ал біз анамызға арнап ән айтамыз.</p> <p>Күн көзіндей күлшедеп, Құшағыңа аласың, - деп қолды жайып күнді көрсетіп, баласын құшақтағанын салу.</p>	<p>ұғынуга тырысады.</p> <p>Ана туралы әнді тыңдайды. Әрқайсысы өз анасы туралы айтып беруге тырысады.</p>
	<p>Ән дауысты қатты көтермей, аналарды еске алып, ана құшағын сезіне отырып әндете айтуды қажет етеді.</p> <p>Ойын: «Кешікпе» (орыс халық әуені). Әуенге ілесіп балалар әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде орындарында тұрып алақандарын шапалақтайды. Соңғы аккорд берілгенде тұрған жерінде отыра қалады. Кім соңында қаіса, сол бала айыбын өтеп, өнер көрсетеді.</p> <p>Би: «Сайыс би» (жалғасы).</p>	<p>Балалар әуеннің ырғағына сай әр бағытта жүгіреді. Әуен өзгергенде алақандарын шапалақтайды. Соңғы аккордтарда кешікпей отыра қалуға тырысады. Бн қимылдарын бірге жасап үйренеді.</p>
Рефлексиялық- түзетушілік	<p>Қуыршақ Айгүл балаларға рақметін айтады. Көңілі көтеріліп қалғанын жеткізіп, мадақтайды.</p>	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ананы қастерлей білу керектігін.

Игереді: әнді тыңдай отырып, құндызым, жұлдызым деген сөздер не үшін айтылғанын, бесік жырының әуенін ажырата білуді.

Менгереді: музыканы тыңдай отырып, әуен ырғағына сай қимыл жасауды.

№ 35-36 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка
Тақырыбы: «Ағайынбыз бәріміз»

Мақсаты: балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы музыкалық шығарманы ажырата білуге үйрету.

Көрнекілік: үлкен-кіші қоңыраулар, ақ, сары, кара балалардың қол ұстасыш тұрған суреті.

Сөздік жұмыс: тосқауыл, ортақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	Музыка залында балаларды қарсы алады. Балалардың шеңбер бойымен жүгіруін, музыка ауысқанда сол музыкаға сай қимылдар жасауын қадағалау. Бір шаңырақта табысқан, Дос-бауыр көп, туысқан. Отан - ортақ үйіміз, Көңілді ән мен күйіміз, Е. Өтетілеуұлы	Балалар музыка залына әуен ырғағымен келеді. Бірінің соңынан бірі шеңбер бойымен жүреді, жүгіреді.
	- Балалар, достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? Арамызда басқа да ұлттың балалары бар: қазақ, орыс, ұйғыр, т.б. Бірақ біз бір-бірімізді бөлмейміз, бірге ойнаймыз, бірге тамақ ішіп, бірге ұйықтаймыз. Әрқашан осындай тау болуымыз керек. Қазақ жерінде тұрғандықтан, қазақтың халықтық музыкасын құрметтеуіміз керек.	Балалар жауап беруге тырысады. Достық туралы түсініктерін жеткізеді.
	Музыка тыңдау: «Жайдарман» (қазақтың халық әні).	
	- Ән көңілді ме, әлде көңілсіз бе? Бұл әнге қосылып ән айтуға, би билеуге болады. Ән сендерге ұнады ма? Ән айту алдында дауыс жаттығуларын жасап, дауыстарын қалыпқа келтіру. Өткен сабақтағы әндерді қайталап, не туралы екенін,	Балалар музыканы тыңдай отырып, жауап беруге талпынады. Балалар дауысты қалыпқа келтіреді, жаттығулар жасайды.

	<p>қалай айтылу керектігін еске түсіру.</p> <p>Ән үйрену: «Ағайынбыз бәріміз» (М. Әубәкіров, Ә.Дүйсенбиев).</p> <p>- Ортақ болсын асқар тау, Болсын жер мен су да ортақ, Болсын бізге ту да ортақ, - деп неліктен айтылған? Бәріміз тату, дос болсақ, су да, жер де бәрімізге жетеді, бақытты өмір сүреміз, - деп отыр.</p> <p>«Қоңыраумен ойын» (Т. Ломова).</p> <p>Балалар үлкен және кішкене қоңыраумен танысады. Педагог қоңыраулардың дыбысталуын көрсетеді.</p>	<p>Әнді мазмұнын түсіне отырып үйренеді.</p> <p>Балалар «ортақ» деген сөздің мағынасын түсіндіруге тырысады.</p>
	<p>Айырмашылығына тоқалады. Балалардан музыка ойнағанда қай қоңырау сылдырлауы керектігін сұрайды. Ортаға балаларды кезек- кезек шақырып, ойнаған музыка қай қоңырауға тән екенін сұрап, сол қоңырауды алып сылдырлатуын өтінеді.</p> <p>Би: «Биге шақыру» (орыс халық әні).</p> <p>Алдымен бір бала биге шығып, қимылдар жасайды. Музыка аяқталғанда бір баланы биге шақырады. Екеуі тағы екеуін шақырады. Осылайша бәрі түгел биге шығады.</p>	<p>Балалар қоңырауларды кезектесіп алып, сындырлатып көреді, қызықтайды. Балалар музыканы мұқият тыңдап, сол музыкаға сай қоңырауды алып сылдырлатады. Балалар бір-бірін биге шақырады. Қимылды бірге жасауға тырысады.</p>
<p>Рефлексиялық-тузетушілік</p>	<p>Қорытындылау, балаларды марапаттау.</p>	<p>Балалар көтеріңкі көңіл күймен тарайды.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қазақтың халық әнінен хабардар болуы, халықтың, ұлт-тық деген сөздерді білуі керек.

Игереді: ортақ, ақпыз, қара, сарымыз, достық деген түсініктерді. Меңгереді: үлкен және кіші қоңыраулардың даусын ажырата білуді, биге шақыру дағдыларын.

№ 37—38 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іс-әрекегінің түрі: Музыка Тақырыбы: «Көктем»

Мақсаты: балалардың музыкаға қызығушылығын артты : Музыкалық шығармаларға эмоциялық қатынастарын дамыту. Көрнекілік: көктем көріністерінің суреттері. Свздік жұмыс: бүршік, сай^салада су ағады.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберіне тұрғызады. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Келіп іиыққан күнге. Күніміз жарық болсын! Ауамыз таза болсын! Суымыз мәлдір болсын! Көктем, көктем, көктемде Құстар келіп жеткенде, Біз қуанып қаламыз, Әнмен қарсы аламыз. Көктем көріністері бейнеленген суреттерді көрсетіп, қандай жыл мезгілі бейнеленгенін сұрайды.</p>	<p>Балалар көңілді әуенмен кіреді. Шаттық шеңберін жасап, бір-біріне жылы лебіздерін жеткізеді.</p>
	<p>Музыка тыңдау: «Бұл қай кезде болады? Көктем» (Б.Ерзакович, Ш. Ахметов). - Балалар, қазір қандай жыл мезгілі? - Көктемде қандай құбылыстар болады?</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді. Көктем</p>

Көктемде күн жылиды, ағаштар бүршік атады Сұраққа толық жауап беруге тырысады.

- Қар, мұз қай кезде ериді? Ағаштар қай кезде бүршік атады? Сендер тағы қандай құбылысты байқадыңдар? ~ Дұрыс айтасыңдар, күн жылиды, маігтөлдейді, жауын жауады.

Өткен әндерді қайталау. Ән айтар алдындағы ережелерді еске түсіріп, бойды тік ұстап, қатты айғайламай, еркін айту. Дауысты жаттықтыру.

Әндердің мәтінін қайталап, нақышына келтіріп айту.

Ән үйрену: «Көктем» (К.Қуатбаев, А.Асылбек). Музыка жетекшісі әнді нақышына келтіріп орындап береді. Алдымен мәтінін қайталап, содан кейін әніне қосып айтады. Педагог балалардан ән не туралы екенін сұрайды. Ән көңілді, жеңіл орындалады.

Әуенді-қимылды ырғақ: «Қақпа»

(өңдеген Р. Рустамов). Бірінші бөлімінде балалар қақпа жасал, шеңбер бойында қолдарын жоғары

Балалар өткен әндерді есгеріне түсіріп, бірнеше рет қайталайды.

Балалар жаңа әннің не туралы екенін түсініп, әуенін еске сақтауға тырысады.

Ойынды қызыға ойнайды.

	ұстап тұрады. Ортада бір бала қақпадан кіріп- шығып жүгіріп жүреді. Музыка аяқталғанда қақпа жабылып, балалар қолдарын түсіреді. Бала қақпанын ішінде қалып қойса, екінші бөліміндегі музыка әуенімен билейді. Шенбердегі балалар қол шапалақтайды. Ойын қайталанады.	Айыпты болған бала би бнлейді.
Рефл екциял ы к- тузетушілік	- Сонымен, бүгін қандай жыл мезгілі туралы сөз болды? Балапарды мадақтайды, қоштасады.	Көктем туралы Көңілді әуенмен топтарына тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көктем құбылыстарын айта біледі.

Игереді: бүршік атты, сай-саладан су ақты деген түсініктерді.

Менгереді: «Қақпа» ойышын ойнауды, әнді нақышына келтіре орындауды.

№ 39—40 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка
Тақырыбы: «Наурыз»

Максаты: балаларға Наурыз мерекесі туралы мәлімет беру, салт- дәстүрмен таныстыру, мерекені музыкамен байланыстыру. Көрнекілік: Наурыз мерекесі бейнеленген суреттер. Сөздік жұмыс: наурыз, салт-дәстүр, наурызкөже.

Оқу іс- әректінің кезендері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Балаларды ұнтаспада орындалған «Сарыарқа» күйімен залда қарсы алады. Балаларды әже күтіп алады. Әже арнайы ауылдан келгенін, Наурыз туралы әңгімелеп бергісі келетінін айтады.</p> <p>Ұлыс күні қазан толса, Ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, Сонда олжалы жол болар. Ұлыс оң боясын! Ақмол болсын! Қсғйда жүрсең жол болсын!</p>	<p>Балалар залға келеді. Әжемен амандасады. Әженің әңгімесін тыңдайды.</p>
	<p>- Балалар, наурыз - жаңа күн деген мағынаны білдіреді. Наурыз мерекесіне жеті түрлі дәм қосылып наурызкөже даярланады. Жұрт бір-бірін мерекемен күттықтайды. Жастар алтыбақан құрып, ән салынады, би биленеді.</p> <p>- Сендер наурыз туралы не білесіңдер? - Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? Жетекші музыка тыңдауды ұсыналы.</p>	<p>Балалар әжеге наурыз туралы өздерінің білгендерін айтып беруге тырысады.</p>

71

	<p>Музыка тыңдау: «Қамажай» (қазақтың халық әні). Әже: Қамажай - халық әні, біз жас кезімізде алтыбақан теуіп, осы әнді айтушы едік. Бұл әнге билеу ге де болады. Айтывдаршы, балалар, ән көңілді ме, кенілсіз бе? Жетекші әжеге балалардың әндерін тыңдауды ұсынады.</p>	<p>Балалар музыка тыңдайды.</p> <p>Әженің сұрақтарына жауап беруге таптынады. Балалар әже, ана туралы әндерін айтады.</p>
--	---	---

	<p>Өткен әндерді қайталау: «Анашым», «Ақ әжем» әндерін естеріне түсіріп айтады.</p> <p>Ән үйрену: «Наурыз» (А.Досмағамбет, Ж.Мұхамеджанов). Музыка жетекшісі әжеге арнап осы әнді үйренетіндерін айтады. Ән көңілді, ойнақы. Наурыз тойында бір-бірінің үйіне қонақтап баратыны айтылады. Балалар әжемен қосылып, бірге ән айтып үйренеді. Әнді айтып болған соң, әже балапарды ойынға шакырады. Дорбасынан ала келген сылдырмақтарды шығарады.</p> <p>Ойын: «Сылдырмақтар» (С. Майкапар). Балалар музыкаға ілесіп, залда еркін, ойыншықты сылдырлатып жүгіреді.</p>	<p>Балалар алдымен мәтінін үйреніп, содан соң әнімен айтады.</p> <p>Әжемен ойын ойнайды. Сылдырмақты ырғаққа ілесіп сылдырлатуға</p>
	<p>Ортада әже тұрады. Әуен қайталанғанда орындарында тұрын, ырғаққа қосылып сылдырмақты</p>	<p>тырысады. Ойын соңында әжеден қашады.</p>
	<p>сылдырлатады. Әуен өзгергенде сылдырмақты жасырып, жайлап әжеге жақындайды. Музыка соңында әже</p> <p>балаларды қуады, балалар қашады. Би: «Қамажай». Әнге ілесіп, әже би қимылдарын көрсетеді, қыздар қайталайды: қолды білезік буынынан бұрау, жүн сабау, айнаға қарау.</p>	<p>Қыздар әже көрсеткен қимылдарды жасауға талпынады.</p>
<p>Рефлексиялық- түзетушілік</p>	<p>Әже балаларға риза болып, рақметайтып, мақғайды.</p>	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Наурыз мерекесі туралы, ұлттық салт-дәстүр туралы. Игереді: Наурыз, наурыз көже туралы түсініктерді. Меңгереді: казактың ои элементтерін, әнді жеке және хормен орындауды.

№ 41—42 технологиялық карталар

Білім беру салаеы: Шығармашылық

Ұйымдас ғырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка

Тақырыбы: «Наурызым, армысың!»

Мақсаты: музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру.
Мерекелік көңіл күй сыйлай білуге үйрету.

Көрнекілік: мерекелік дастарқан, ұлттық тағамдар бейнеленген суреттер.

Сөздік жұмыс: дарқан дала, ақ дастарқан, ошак.

Оқу іс- әрекетінің кезеңдері

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

Төрдi Наурыз дастарқаны жайылған. Дастарқан басында әже мен ата отырады.

Мерекелік музыка қойылып, кетеріңкі көңіл күйде келген балаларды әже мен ата екеуі қарсы алады. Күн менен түн теңелді, Жер шуаққа кенелді, Соны тойлар ел енді. Наурыз тойы саттымыз, Көгерсін деп хашымыз, Көшеге тал егеді.

Ә. Табылды Ата мен әже балаларды жылы ықыласпен дастарқан басына жайғастырады.

Балалардың іс-әрекеті

Балалар көңілді мерекелік әуенмен әже мен ата отырған жерге келеді.

Атамен, әжемен амандасады.

Ата: Қош келдіңдер, бүлдіршіндер! Міне, бүгін Наурыз мерекесі тойланып жатыр. Мерекеде халқымыз бір-біріне деген өкпе-наздарын ұмытып, құшақтасып қауышады, төс қағыстырады. Бір-бірінің үйлеріне кіріп, адал астан ауыз тиеді.

Әже: Қыстан аман-есен шыққан халық бүгінгі күн мен тун теңелген күні дастарқан жасап тойлайды. Дастарқанға құрт, ірімшік, жент, бауырсақ, неше түрлі ұлттық тағамдар қойылады.

Наурыз туралы әңгімелерді мұқият тыңдайды.

Балалар әженің ұлттық тағам туралы әңгімелерін тындап, тағамдардан дәм татады.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Жеті түрлі тағамнан наурызкөже жасалады. Келер жылға аман жетейік деген тілек тілейді.</p> <p>- Ата, әже, біздің балалар да құрқол келген жоқ, сіздерге мерекелік өнерлерін ала келді.</p> <p>Ән айту: балалар өткен сабақтарда үйренген ана туралы, көктем туралы,</p>	<p>Балалар Наурыз туралы тақпақтарын, әндерін айтады.</p>

	<p>Наурыз туралы әндерін орындайды.</p> <p>Муыка тыңдау:</p> <p>Дәулеткерейдің күйі «Қосачқа». Ата домбырамен орындап береді.</p> <p>Педагог: Бұл күйде әсем киінген ару қыз бейнеленген.</p> <p>Мұқият тындасаңдар, сырғалары сыңғырлап, шашбаулары сылдырлап, әдемі дыбыс беріп тұр.</p> <p>- Балалар, қазақғын қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?</p> <p>Ойын: «Тақиятастамақ».</p> <p>Ойы-ч бар бір ойын бастамақ, Аты оның — « Тақиятастамақ».</p> <p>Мұқият болыңдар бәрің де, Ым қағып жүрмесін қас-қабак.</p> <p>Ақырын, аспаймын, саспаймын.</p> <p>Шеңберді айнала бастаймын,</p>	<p>Ата орындаған күйді тыңдайды.</p> <p>Балалар ұлттық ойын «Тақия-тастамақгы» ойнайды.</p>
--	--	---

	<p>Біріннің тұсына жеткенде Сездірмей тақия тастаймын.</p> <p>Ойын 2-3 рет қайталанады. Би: бгиіалщ) үйренген билерін ата мен әжеге билеп береді (өткен сабақтағы билерді қайталау).</p>	<p>Өткен сабақтарда үйренген билерін билеп береді.</p>
<p>Рефлексиялық-түзетушілік</p>	<p>Әже мен ата Наурыз туралы сұрақтар қояды.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сонымен, қандай ұлттық тағамдарды білесіңдер? - «Наурызкөже» деген не? - Ішіне неше түрлі дәм қосылады? <p>Ата мен әже балаларға ризашылықтарын білдіріп, мақтау сөздер айтып, шығарып салады.</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап беріп, көтеріңкі көңіл күймен тарайды.</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Наурыз мерекесіндегі дәстүрлі, ұлттық тағамдар жайлы. Игереді: дарқан дала, ақ дастарқан деген түсініктерді. Меңгереді: мереке кезінде төс қағыстырып амандасуды, өкпе- наздарын ұмыту керектігін.

№ 43—44 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка
Тақырыбы: «Орманға саяхат»

Максаты: музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, атын ажыратуға үйрету:
нәзік, сабырлы, көңілді де ойнақы, көңілмен Әнді сезіне айтуға үйрету.

Көрнекілік: ағаштар, билеп тұрған аюлар, вальс, марш ырғағымен тұрған қасқырлар, көңілді секірген қояндар. Тапсырмасы бар текшелер. Сездік жұмыс: көңілді, көңілсіз, жігерлі.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Балаларды көңілді қарсы алады. Сәлемдесу жаттығуымен басғайды. «Біз үшін» (М. Жәутіков, ұнтаспаны пайдалану). Балаларға би кимылдарын үйретеді. Шеңбер бойымен жұптасып жүруді, өз орындарына келіп тұруды көрсетеді.</p> <p>Ал балалар, балалар, Саяхатқа шығарық. Ормандағы аңдарға Көлікке мініп барайың!</p> <p>«Саяхат» (С.Мұхамеджанов) шығармасын тыңдай жүріп, балалар көлікке мініп, орманға барады.</p>	<p>Балалар кіреді, амандасады.</p> <p>Балалар шеңбер бойымен жүріп, өз орнын табуға, кимылдарды қайталап үйренуге ғалпынады.</p> <p>Балалар музыканы тындап, шеңбермен көлікке мініп жүргендей қимыл көрсетуге тырысады.</p>
	<p>Балаларды отырғызып, «Вальс» (Қ.Шілдебаев) шығармасын демала отырып тыңдауды ұсынады. Балаларға орман ішіндегі аялдамада кездескен аі-аі[тгг^да тапсырма болатынын айтады.</p>	<p>Балалар жайғасып отырады, музыканы тыңдайды.</p>

Бірінші кездескен ағаштың бұтағынан тапсырманы алады. Аюлардың вальс билеген суреті. Тапсырманы алып, үйге келгеннен кейін ашатынын түсіндіреді. Көлікке бірге мінейік, Әрі қарай кетейік, Жылдаидатып жетейік.
Келесі аялдамадағы ағашта қояндардың билеп тұрған суреті.
Жетекші: Балалар, қояндар қалай билейді? «Көңілді би» (Ө. Байділдаев) шығармасын тыңдауды ұсынады.

Көлікке енді мінеміз, Әрі ңарай кетеміз,- деп тағы сапарларын жалғастырады. Үшінші ағаштағы гапсырма - қасқырлардың марш ырғағымен жүріп бара жатқан суреті. «Мерекелік марш» (И.Левин) шығармасын тыңдатады. -Балалар, қасқырлар қапай жүріп бара жатыр? Көлікпен үйлеріне қайтып келеді.

- Осымен саяхатымыз аяқталды. Ал енді, балалар, суреттегі шығармалардың түрлерін айтып беріндерші.

Балалар шеңберме- жүріп, айналып келеді.

Қояндар көңілді билеп жатыр

Шығарманы мұқия- тывдайды.

Балалар ұмтылып тапсырмаға қарайды.

Марш ырғағын тындайды. Қасқырлар маршпен жүріп бара жатыр

Бірінші аялдамада аюлар вальс ырғағымен баяу, созыңқы, сабырлы сипатта билегенін түсіндіреді. Екінші аялдамада қояндар шапшаң, жеңіл секіргенін, көңілді билегенін түсіндіреді. Үшінші аялдамада қасқырлар марш ырғағымен, жігерлі жүріп бара

жатқанын түсіндіреді.

дндетейік, жырлайың, Әсем энге салайың. Жаттықтырып даусымызды, Әйбат бала болайың. Дауыс жаттығуы: «Көктем».

Ән үйрену: «Бақшаға келемін»

(Ө. Байділда, К. Сүлейменов).

Би билейік ыргалып, Секірейік жұптасып. Кезек-кезек, оңға-солға Аяқтарды созайық.

Би: «Косар. чанып билеу» (Литваның халық әні, өңдеген Г.Потапенко).

«Вальс» ырғағы баяу, созыңқы, сабырлы.

Қояндар көңілді, шапшаң, жеңіл биледі.

Балалар дауыс ырғағын маршпен жоғары-төмен көтере, түсіре орындайды.

Әнді көңілдене айтуға тырысады.

Балалар жұптасып тұруға, ез орындарын табуға, би ырғақтарын қайталауға талпынады.

Дидактикалық ойын

Аңдар бейнел суреттерде төлдерін ежелерінің қасына ағ қою, табу. Мысалы,

қонжықтың суретін аюдың қасына Өз анасын тауып бер

Балалар ойынға көңілдене қатысады Төлдерін аналарына тауып береді.

Балалар, орманда аңдармен кездестіңд

- Аюлар қалай биле,с

- Қасқырлар қалай б

- Қояндар қалай бил Балалардың бүгінгі іс-шараға белсене қатысқандарын айты мадақтайды.

Балалар жауап беруге тырысады .

Қорытынды нәтиже:

Біледі: музыкалық шығармаларды сезінуді, сипатын ажыратуды әнді сезіне айтуды.

Игереді: музыкалық шығармаға, мазмұнына бейнеленген суреттердің сипатын ажыратуды, музыкалық-дидактикалық ойынды. І музыканы тыңдап, төлдердің анасын табуды.

Меңгереді: музыкалық шығармаларды тыңдап, ырғақтарды сезіне би қимылдарын жасауды

№ 45—46 технологиялық картала

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйышдастырылған оқу іс-зрекетінің түрі: Музыка
Тақырыбы: «Жайлаудағы төлдер» Максаты: музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәнін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. Ойын арқылы балалардың әм қиясын ояту.

Көрнекілік: бұзау, қозы, құлыншақ. Сөздік жұмыс: сабырлы, көңілді, жігерлі.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Жетекші балаларды көңілді қарсы алады. Амандасу жаттығуын айтуды ұсынады, дыбыстарды таза айтуға үйретеді. Үнтаспада орындалған М.Жәутіковтың «Сәби күлкісі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз жұптарын табуға үйретеді. Би ырғақтарын шумак қайырмасына нақты келтіру керек, қимылдарды шатаспай есіне сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып, қимылдарды жасауға үйретеді.</p>	<p>Балалар кіреді. Амандасу жаттығуын айтады. Балалар би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, өз орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады. Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға, шумактың, қайырманың қимылдарын білуге дағдыланады.</p>
	<p>Б. Дәлденбай өндеген «Хайлэйлш» әнімен балаларды жайлауға баруға шақырады. Құлындарым кісінеп, Боталарым боздады. Бұзауларым мөңіреп, Қойым ерте қоздады. - Балаларды жайлауға келдік, енді демалайық, - деп, музыкалық шығармаларды тыңдауға шақырады.</p>	<p>Жайлауға ұлдар мен қыздар қол ұстасып, ауыспалы адыммен жүріп билеп барады. Шығармаларды отырып тыңдайды.</p>

«Боталардың желісі» (Е. Хасанғалиев) шығармасының сипатын түсіндіреді.
«Еркетайым» әні (А.Токсанбаев) жылдам, көңілді сипатта орындалады. «Ана әлди» (А. Менжанова) асықпай, сабырлы сипатта орындалады.
Балалар қосыла орындауы үшін үлестірмелі төлдер карточкалары беріледі. Балаларды музыканы тыңдап, әуенді ажырата білуге дағдыландыру, үйрету. 2—3 мәрте қайталату.
Шығарманың үзінділерін тыңдату.
Дидактикалық ойын: «Анасын тап!»

Ән салайық, шырқатайық, Әуеніне тамсанайық, «Ойыншықтар» әнін біз Үйренейік, айтайық. Ән үйрену: «Ойыншықтар» (И. Нүсіпбаев, Н.Әлімқұлов). Би: «Шөжелерім» (қыздарға), «Тұлпарым» (ұлдарға, «Б. Бисенова жинағынан») биін үйретеді («Билеп үйренейік» жинағында үлгілері көрсетілген).

Бірінші шығарманың сипаты - жігерлі

Екінші шығарманың сипаты - көңілді Үшінші шығарманың сипаты - сабырлы
Дидактикалық ойында үлестірме т. карточка арқылы шығарманы тыңдап, төлдерді ажырата білуге тырысады.

«Ойыншықтар» әнін үйренеді. Қыздар «Шөжелерім» биінің ырғақтары жасай білуге талпынады, бас-қолдарын қимылдатады Балалардың ойын арқылы көңіл күйлері көгеріледі. эмоциялары білінеді.

<p>Қимыды ойын: «Кімге қай тө.і ұнайды?». Ойын ұйымдастыру арқылы балалардың көңіл күйін көтеруге тырысады. Үстел үстінде тұрған барлық төлдердің атрибутын бастарына киіп, сол төлдердің дыбысталуын, қимылын әр бала жеке-жеке көрсетеді. Бұл ойынды жылдам ұйымдастыру керек. Күннің екінші жартысында ойынды қайталап үйретіп, төлдер жарысын өткізуге болады. Төлдерді қатарласып тұрып, арнайы ойнатылған музыкамен шауып барып, белгіні айналып келіп орнына тұрады.</p>	<p>Балалар төлдер атрибутын таңдап киіп, даусын, қимылын салуға тырысады. Балалар ойынды жалғастырады, төлдер болып жарысады.</p> <p>Шығарманы тыңдайды, шауып жүруге талпынады.</p>
<p>Балалардан қайда барғандарын сұрайды. - «Хайлэйлім» шығармасының композиторы кім? - Шығармалардың сипаттары қандай болды, атап айтыңдар. - Бүгін қандай ән үйрендік? Балаларды мадақтайды, қоштасады.</p>	<p>Жайлауға бардык Композиторын бірнеше суреттің ішінен тауып айтуға тырысады. Сабырлы, жігерлі, көңілді «Шөжелерім», «Тұлпарым».</p>

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды.

Игереді: музыканы тыңдап, ойын арқылы төлдерді табуы. Мәңгереді: музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, «Шөжелерім», «Тұлпарым» билерін билеуді.

№ 47—48 технологиялық карталар

Білім беру еаласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іе-әрекетінін түрі: Музыка
Тақырыбы: «Құстар дауысы»

Максаты: музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыра- ту. Өнді мэнерлеп айтқызу.

Кврнекілік: құс пен оның балапанының суреттері. Сөздік жұмыс: қарк-қарк, бытпылдык, бозторғай, көкек.

Оқу іе-әрекетінін кезендері

Музыка жетекшісінін іе-әрекеті

Жетекші балаларды «іимандасу жаттығуын» айтып қарсы алады. Көңілді әуен ырғағымен жұптасып жүруді үйретеді. Өз орындарын тауып тұруға, ырғаққа байланысты жеңіл қимылдар жасай білуге үйретеді.

«Құстар», «Қустар шоқиды» (Т.Ломова) әуенін тыңцатып, құс сияқты ұшып жүруді көрсетеді («Табиғат құбылысы» жинағынан). Балаларға зал бойымен ұшып жүріп, ырғақты қимылдар жасауды, отырып түмсықпен шоқуды, айналуцы, аяқ ұшымен алға-артқа, оңға-солға қимылдар жасауды үйретеді.

Балалардын іе-әрекеті:

Балалар залға кіреді. «Амандасу жаттығуын» еркін айтуға тырысады.

Әуезді әуенмен қалыпсап ұшуды, қанаттарын жоғары-төмен майыстыра құс қимылдарын жасауға тырысады

Оқу іе-әрекетінін кезендері	Музыка жетекшісінін іе-әрекеті	Балалардын іе-әрекеті:
	<p>Музыка тыңдау: Балаларды музыка тыңдауға шақырады (үнтаспадан). Табиғат бояуларын сезінетіндей құстардын дауысын, сайрауын тыңдатады. Ересек құстардын дыбысы жуан болатынын, ал балапанның дыбысы жіңішке болатынға тусіндіреді. Құс пен оның балапанының суреті бейнеленген карточкаларды таратып береді.</p> <p>Құстар әуенін (жуан-жіңішке) келтіріп, кезек-кезек ауыстырып ойнайды,</p>	<p>Балалар құстардын сайраған даусын сезінуге тырысады.</p> <p>Балалар жуан-жіңішке дыбыстарды</p>

<p>балалардың карточканы дұрыс көрсетуін сұрайды. Ән үйрену: «Кім қалай дыбыстайды?» (Ж.Тұрсынбаев), «Бұлбұл» (Қ.Шілдебаев, А.Асылбек), «Бөдене әні» (Р.Байқоныров, А.Асылбек) орындалып, ойын ұйымдастырылады. «Бозторғай» (Е.Құсайынов, А.Асылбек), «Көкек» (Б.Аманжолов, А.Асылбек) - әр құстың әнінен бір шумағын орындатып үйретеді. Әуен дыбыстарын таза айтуға үйретеді. Әндердің бар мәтінімен танысып</p>	<p>түсінуге тырысады. Текше арқылы жуан-жіңішке дыбыстарды табуға тырысады. Балалар әндерді тыңдауға, айтуға, жаттауға тырысады.</p>
	<p>Балалар үш топқа бөлініп, «әр құс» өз әндерін айтуға талғыйнады.</p>

" болған соң, топ бабаларын үшке бөліп, берілген үлгіге қарап әнді айтуға үйретеді.

Жетекші қыздарға «Шөжелерім» биін қайталайды.

Ұлдардың қолдарына камшы беріп, «Тұлпарым» биін үйретеді.

Дидактикалық ойын: «Қандай дауыс?»

Ойын арқылы балалардың музыкалық қабілетін дидактикалық ойынмен жалғастырып үйретеді, есте сақтау қабілетін, есту қабілетін дамытады. Текшеде мысық пен мысықайдың суреті болады, мысық пен мысықайды тыңдап, жіңішке- жуан дыбыстарын тауып, ажырата білулері керек.

Қыздар би кимылдарын айтуға тырысады. Ұлдар би үйренуге талпынады.

Жетекші балалардан қандай құстардың дыбысын тыңдағандарын сұрайды;

Құстың даусы қандай? - Балапанының даусы қандай? Балаларды мақтайды, қоштасады.

Ойынға қызыға қатысады, музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарын айтады. Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдап, жуан-жіңішке дыбыстарын ажыратуды. Игереді:

дидактикалық ойынды текше арқылы ажыратуды. Менгереді: музыканы тыңдап, би кимылдарын жасауды.

49—50 технологиялық карталар

Білім бср> а кы: Шығармашылық

Ұйым ІЗС гырылган оку іс-әрекетінің түрі: Музыка

Такырыбы «Әуенді сандықша»

Максаты: музыкаға қызығушылығын арттыру, түрлі сипаттағы әндерл гындауға үйрету, музыкалық фразалар арасында тыныс алуға. ә%енге сәйкес би жанрларын ажыратуға баулу. Би қимылдарын ауыстыра білуге, аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету.

Көрнекілік: ғажайып сандықша, сылдырмақтар, бубендер, жұмсақ ойыншықтар, қуыршақтар.

Сөздік жұмыс: сандықша, полька, вальс, марш.

Оку іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Балаларды көңілді қарсы алын, «Серуендейміз, демаламыз» (М.Красев) әуеніне қыдыруға шақыру. Қол ұстасын, зал ішінде еркін жүргізу. Әуен соңында тоқтап, шеңбер бойымен тұруларын сұрайды.</p> <p>Ал, кәнекей, тұрайың, Шеңберді біз құрайың. Балаларға сандықшаны көрсету. Сандықшаны ашып, ішінен аспаптарды (барабан, бубен, қоңырау) апады.</p> <p>Аспаптарды апаық, Біз оркестр құрайың, - деп «Барабаншы» (М.Красев) әуеніне аспаптарда ойнауға үйрету.</p>	<p>Балалар қол ұстасып, зал ішінде еркін жүріп қыдырады.</p> <p>Шеңбер құрып тұрады.</p> <p>Сандықшаны көріп, қызығушылықтары артады. Қалаған аспаптарын алып, оркестрде ойнауға дайындалады. Әуенді, ырғақты сезіне отырып, аспаптарда ойнайды.</p>

- Жарайсыңдар, балалар! Енді аспаптарды жинайық, отырып демалайық! Жайғасып отырыңдар.

- Әуенді сандықшаны ашып көрейік. Сандықша ашылып, әсем әуен естіледі.

Педагог сандықшаға құлағын тосып тындағандай болады.

- Балалар, ғажайып сандықша «Әуенді тындап, ажырат» - деген тапсырма ұсынды. Әуенді мұқият тындап, сипатын анықтайық. Әуенді-дидактикалық ойын: «Ырғағын ажырат». «Итальяндық полька» (С.Рахманинов), «Бесік жыры» (халық әні), «Жалаушамен жаттығу» (Е.Брусиловский) музыкалары ойналып, балаларға ырғағын ажыратуға тапсырма беріледі.

Дауыс жаттығуы: «Сағат пен елек» айтылып, балалардың дауыс ырғақтарын бақылайды. Сандықшаны қолына алып, келесі тапсырманы ұсынады. Мен өнерпаз баламын, Шырқап әнге саламын.

Балалар аспаптарды жинайды, жайғасып отырады.

Сандықшаның әуенін тындап, елендейді.

Өртүрлі сипаттағы жанрларды тыңдап, ажыратады.

Таныс әуендердің атын атап, суреттерін көрсетеді.

Жаттығуды көңілдене айтады, дауыстары ашылығы, ән айтуға дайындалады.

Әнші, биші боламын. үйрену: «Жап сыры.» (Е.Өміров, Х.Талғаров) әнін орындап, мұқият тындауларын сұрайды. Ән мазмұнын әңгімелеп, сипатын анықтауға ықпал етеді. Әнді екінші рет орындап, ән әуеніне қосылуды және шапалақпен ырғақты көрсетуді сұрайды. Тағы да ғажайып сандықшаны ашып, әуенді тындатады. — Балалар, ғажайып сандықша бізді көңілді ойынға шақырады. Ойын: «Бәсең және көтеріңкі» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек). Ойын шартын түсіндіріп, қуыршақтарды жай, ақырын және ашық- жарқын дауыспен әндете тербетулерін сұрайды.

Би: «Біздің ойыншықтар».

Аю, қасқыр, жолбарыс, Арыстан мен піл, барыс, Ойыншықтар, тұрындар, Ойын-сауық құрындар, - деп ойыншықтармен биге шақырады. Би қимылдарын көрсетіп, үйретеді.

Көңілді әнді тыңдап, мәтінін түсінуге тырысады.

Ән туралы әңгімелеп, өз ойларын білдіреді.

Әнге қосылуға әрекеттеніп, ырғақты шапалақпен көрсетеді.

Балалар ойын шартын ұғынады. Қуыршақтарды алып, жайғасып отырады. Әнді жай және қатты айтып, ойын шартын дұрыс орындайды.

Баалалар ұнатқан ойыншықтарын алып, белмешінде қатарласа тұрады. Би қимышдарын бірге бастап, қуыршақтармен билейді.

	Би кезінде ойыншықтарды дұрыс ұстауларын, бірге қозғалып, қимылдатуларын қадағалайды. - Ғажайып сандықша қандай тапсырмалар берді? - Әуені қандай екен? - Бүгін сендерге не ұнады?
--	---

Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді, өз ойларын білдіріп, әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже: Біледі: түрлі сипаттағы әндерді орындауды, фраза арасында ныс алуды, би жанрларын ажыратуды.

Игереді: сылдырмақ, бубен, коңырау аспаптарында әуенге ойнауды, ойыншықтармен қимыл-қозғалыс жасауды.

Менгереді: әнді хормен айтуды, әннің сипатын беруді, ән ырғағын шапалақпен көрсетуді.

№ 51—52 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка Тақырыбы: «Ауылдағы той» Мақсаты: әуеннің түрлі бөлімдерін ажырата білуге, ды биіктігі мен тембрін ажыратуға дағдыландыру, күйді тыңдап, білуге баулу. Әуенге сай би қимылдарын ауыстыра білуге үйрету.

Көрнекілік: ұрмалы музыкалық аспаптар, аттың басы бейнел ген ойыншық таяқша-ат.

Сөздік жұмыс: күй, той.

Музыка жетекшісінің іс-әрекеті

~«Кеңес» күйі ойнайы, педагог балаларды қарсы алып, ауылға, тойға баруға шақырады, балаларға шеңбер бойымен журуді ұсынады. Ұлдарға «ат» беріліп, қыздардың қолына асатаяқ ұстатылады. «Колхоздағы той» (Е.Брусиловский) әуеніне қыздарға асатаяқта ойнап, ұлдарға «атпен» шабуды ұсынады. Әуен екінші рет ойналғанда ұлдарға отырып, кол шапалақтау ұсынылады. Ал қыздарға асатаяқпен би қимылдарын көрсетіп, үйретеді.

Балалардың іс-әрекеті

Талаларісүиді тыңдап, шеңбер бойымен қалыспай жүруге үйренеді.

Ұлдар қуана «ағтарға» мінеді, қыздар аспаптарды алады.

Қыздар залдың екі жақ шетінде тұрып, асатаяқта ырғақты келтіре ойнайды.

- Балалар, тойымызға сән беретін әндер мен күйлерді тыңдауға шақырамын.

Музыка тыңдау: «Айжан қыз» (Құрманғазы), «Қанажай», «Хайлайлім» әуендері (үнтаспада) орындалады. Балаларға әуендердің түрлі сипаттарын ажыратуды ұсынады. Дауыс жаттығуы: «Домбыра үйі» айтылып, жаттығу барысында фразалар арасында дұрыс тыныс алуларын қадағалайды. Дауыс ырғақтарын тыңдап, бақылайды.

Балалар күйді, әуендерді тыңдап, әсерленеді.

Түрлі сипаттағы әуендерді қызыға тыңдайды, екпінін ажыратып, әңгімелейді.

«Дығы-дығы, дын- дың» буындарын анық, әуенімен айтуға үйренеді.

Дауысымыз айылды, Бұлбұлдай сайраймыз, Көңілді ән айтып, Жадырап жайнаймыз. Ән айту: «Домбыра» (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек) әнін қайталау. Жетекші ән мазмұнын түсіндіріп, көңілді ырғақты сезінулеріне ықпал етеді. Әннің мәтіні туралы сұрап, балаларды әңгімеге тартады. -Тойымызды қызықты ойындармен қыздыра түсейік, -деп ойынға шақырады.

Ойын: «Тақия тастамақ», «Киіз үй» ойындары ұйымдастырылады. Балаларға өздері ұнататын билерін тандап, өз беттерінше билеуге ерік береді.

Би: «Асатаяқпен би», «Кел, билейік» билері қайталанады. Балаларға ұнататын аспаптарын тандап алуға мүмкіндік беріп, ұлттық үрмалы аспаптардан өз оркестрін құрайды. Балалар оркестрде «Еркем-ай» әнінің әуенін ойнайды. Әуен ырғағымен аспаптардың өз ретімен ойналуын қадағалайды. Балаларға аспаптарды ұстау тәсілін үйретіп, әдемі әуен шығара білулерін бақылайды.

Бірнеше рет қайталап, дауыстарын ашады. еркін әндетеді. Көңілді әнді шырқата айтып, шаттанады. Жаксы әсер алады, көңіл күйлері көтеріледі. Ән мазмұнын әңгімелейді. Ойынды қызыға ойнап, белсене қатысады. Ойға шаргтарын сақтап, ептіліктерін көрсетуге тырысады. Үйренген билерін қайталап, көңілденеді. Би ыр>ғатарын жеңіл жасап, бірге кимылдайды. Балалар өздері аспаптарды таңдап алады.

Аспаптардың үндестігін тыңдап, ойнауға талпынады

- Қандай ән, күйлер тыңдадық?

- Кімге қандай ән ұнайды?

- Музыкалық аспаптардың қайсысын ұнатасындар?

- Қандай билер биледіндер?

- деген сұрақтар қойып, балалардың үйренген іс-әрекеттерін ескө сақтауларына ықпал етеді.

- Бүгін тойға барып, ез өнерлеріқді көрсеттіндер. Барлығың өнерпаз, өнерлі екенсіндер, - деп мактайды.

Қойылған сұрақтарға жауап беруге тырысады. Өз ойларын, алған әсерлерін жеткізе әңгімелейді. «Колхоздагы той» әуенінің ырғағына балалар «атқа мініп», шауып шығып кетеді,

Қоры гынды нәтиже:

Біледі: әуеннің түрлі бөлімдерін және дыбыс биіктігін ажырату- ды, әнді жеке және хормен мәнерлеп айтуды.

Игереді: үрмелі ұлттық аспаптардың үндестігін тыңдап, бірігіп оркестрде ойнауды.

Менгереді: ауыспалы әуенге сай би кимылдарын көрсетуді, әнді сипатына, көңіл күйіне сәйкес орындауды.

№ 53—54 технологиялық карталар

Білім беру саласы: Шығармашылық Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: Музыка
Тақырыбы: «Біздің оркестр»

Максаты: шығарманы зейін қойып тыңдауға, аспап дыбыстарын ажырата білуге, ырғақпен ойнай білуге дағдыландыру. Оркестр туралы мағлұмат беріп, аспаптарда ойнау тәсілін үйрету, шығармашылыққа баулу.

Көрнекілік: оркестр, дирижер суреттері, ұлттық музыкалық аспаптар.

Сөздік жұмыс: дирижер, оркестр, концерт.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекегі	Балалардың іс-әрекеті
	<p>Балаларға «Қазақ маріиы» (Е.Затаевич) әуеніне шеңбер бойымен журуді ұсынады. Шеңберден шықпай, тізбектеле жүруін, тұлғаларын түзу ұстап, бастарын көтерін жүрулерін қадағалайды.</p> <p>Асығып жүгіріп саспайың, Көңілді жаттығуларды баспшық! «Жаттығу» (А.Райымкүлова, А. Дсылбек) әуеніне шеңбер бойымен тұрып, ән мәтініне сай аяқ топылдатуды, қол шапалақтауды көрсетіп, үйретеді.</p> <p>Балаларды екі топқа бөліп, кезекпен жаттығуды орындауды ұсынады.</p>	<p>Балалар тізбектеле. шеңбер бойымен, әуен екпінімен жүреді.</p> <p>Бастарыш кетеріп, аяқтарын нық басады.</p> <p>Балалар шеңбер құрып тұрады.</p> <p>Жаттығу көрсеткендер - ішкі шеңберге, шапалақтап тұратындар - сыртқы шеңберге тұрады.</p> <p>Ырғақты сезіне қо.: шапалақтайды, аяқ топылдатады.</p>
	<p>Балаларға оркестрдің суретін көрсетіп, әртүрлі аспаптар туралы түсінік береді. Балалардан таныс аспаптарын атап, көрсетулерін сұрайды.</p> <p>Барлық аспаптардың</p>	<p>Суретке қарап, оркестр, дирижер туралы түсінік алады.</p> <p>Таныс аспаптарды атап, суреттен көрсетеді.</p>
	<p>қосылып, үндесіп, әсем әуен шығаратынын жеткізеді.</p> <p>Дирижердің суретін көрсетіп, атқаратын қызметі туралы ұғындырады.</p> <p>Бірнеше оркестр суретін</p>	

	көрсетіп,	
--	-----------	--

мәлімет береді Чузыка тыңдау: *Сарыарқа > күйін
(«Қурмадаазы-» оркестрдің орынла>ында) унтаспадан тыңдатады. Куйді сезіне тыңдап.
әнгімелеулерін сұрайды

- Бадалар, энді эдемі айт>' үшін. даусымыз жаркын шығуы үшін не істейміз? Дауыс
жаттығуы: «Керней»(Д.Ботбаев, А.Асылбек) айтылып, «та-ра» буындарыш анық айту
үшін бірнеше рет қайталатады. Біз өнерпаз баламыз, Біз де билей аламыз, Аспаптарда
ойнаймыз, Ән де шырқап саламыз! Ән үйрену: «Біздің оркестр» әнін балаларға орындап
береді. Әнді зейін қойып тыңдатып, не туралы айтылатынын сұрайды. Әннің 1
-шумағын орындап, балаларға қосылып айтуды ұсынады.

Әуенді-дидактикалық ойын: «Сырнай мен даңғыра». Ойын шартын түсіндіреді.
Балалардың имитация түрінде аспаптарда ойнау қимылын бірге көрсетулерін сұрайды,
әнді ырғағымен, әндете айтуларын қадағалап, ескертеді.

Куйді тыңдап, эсерленіп, көңіл куйлері көтеріледі.

Дауыс

жаттығуын әндете, дауыстап
айтута талпынады. «Р» әрпін анық айтуға, дұрыс тыныс алуға тырысады.

Көңілді әнге еліктеп, аспаптар атын бірге әндетеді.

Әннің мазмұнын түсініп, жеткізе білуге әрекеттенеді. Балалар ойынға белсене
араласады. Әннің әуенін дәл келтіріп, аспаптарда ойнауды имитация арқылы көрсетеді.
«Һркем-ай» әнін оркестрде ойнауды ұсынып, балаларға өздері қалаған аспаптарын
таңдауға мүмкіндік береді.

- Оркестрде қандай аспаптар ойнайды?

- Дирижер деген кім?

- Біздің оркестрімізде қандай аспаптар бар?

- Жана әннің сипаты, екпіні қандай? Сұрақтар қойып, оқу іс-әрекетін

бекітеді. Балаларды мадақтайды. Үйде қатты қағазға домбыра суретін салып, қиып
әкелуді ұсынады, _____

Балалар аспаптар таңдап алып, әннің ырғағымен өз партияларын орындайды. Сұрақтарға
толық жауап береді. Концерт, теледидардан керген, тыңдаған оркестрлері туралы
әнгімелейді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ұлттық ұрмалы аспаптар түрін, дыбысын ажырата білуді, ән ырғағын
сезінуді.

Игереді: аспаптарда еркін ойнап, үндестікті сезінуді және өз шығармашылықтарын
көрсетуді,

Меңгереді: оркестр, дирижер туралы білімді.